




ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ПЕН ҚХР ТӨРАҒАСЫ СИ ЦЗИНЬПИН КЕЛІССӨЗ ЖҮРГІЗДІ



Қытай Халық Республикасына мемлекеттік сапармен келген Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинмен келіссөз жүргізді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевты Құрмет қарауылы салтанатпен сап түзеп қарсы алды. Содан кейін екі ел басшылары бір-біріне ілтипат білдіріп, келіссөз залына қарай өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев, ең алдымен, мемлекеттік сапармен келуге шақырып, құрметпен қарсы алғаны үшін ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинге шынайы ризашылығын білдірді. Сондай-ақ оны Қытай Халық Республикасының Төрағасы лауазымына қайта сайлануымен құттықтады.

— Қазақстан үшін Қытай Халық Республикасының орны — ерекше. Біздің ынтымақтастығымыз мызғымас достыққа және өзара қолдауға негізделген. Екіжақты қарым-қатынасты жандандыру жолындағы мақсатымыз — ортақ, Аймалық және халықаралық қауіпсіздікті, өзара ықпалдастықты нығайтуды көздеуіміз мұратымыз да — бір. Біз үшін Қытаймен мәңгілік әрі жан-жақты стратегиялық әріптестікті одан әрі дамыту өте маңызды, — деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің өзара қарым-қатынасты дамытуға қосқан елшеусіз үлесін жоғары бағалайтынын жеткізді. Сондай-ақ екі елдердің ынтымақтастығына жаңа белеске көтерілуі үшін бар күш-жігерін жұмылдыруға дайын екенін атап өтіп, бүгінгі келіссөздер екіжақты ықпалдастыққа тың серпін беретініне сенім білдірді.

Өз кезегінде ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин Қасым-Жомарт Тоқаевқа қоңаққайлық ілтипат білдіріп, 70 жас мерейтойымен құттықтады.

— Осындай айтулы күні Сіз Қытайға мемлекеттік сапармен келіп отырсыз. Бұл біздің екіжақты ынтымақтастығымыздың жоғары деңгейде екенін көрсетеді және Қытаймен тығыз байланыстарыңызды тағы да растайды. Қытаймен Қазақстан қытай-қазақ қатынастарының жаңа «алтын 30 жылдығына» қадам басты. Біздің елдеріміз достық, өзара қолдау дәстүрін дамытып, тәмамды ынтымақтастықты тереңдетуі қажет, — деді ҚХР Төрағасы.

Кездесу барысында тараптар екі елдің сауда-экономика, мұнай-газ, мұнай химиясы, энергетика, білім және ғылым, қаржы салаларындағы жан-жақты ынтымақтастығын дамыту, көлік-транзит әлеуетін арттыру мәселелерін талқылады. Сондай-ақ олар халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі мәселелер жөнінде пікір ал-

масты.

Келіссөздерден кейін Қасым-Жомарт Тоқаев пен Си Цзиньпин Бірлескен мәлімдемеге қол қойды. Сондай-ақ екі ел делегациясы мүшелерінің біржақты маңызды құжатқа қол қою рәсімі өтті.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қытай Халық Республикасына мемлекеттік сапары аясында мынадай құжаттарға қол қойылды:

1. Қазақстан Республикасы және Қытай Халық Республикасы басшыларының Бірлескен мәлімдемесі;
2. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Транскаспий халықаралық көлік бағытын дамыту жөніндегі меморандум;
3. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы техникалық-экономикалық ынтымақтастық туралы меморандум;
4. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы индустрияландыру және инвестициялық ынтымақтастық жоспары;
5. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы визалық талаптардан өзара босату туралы келісім;
6. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы халықаралық автомобиль тасымалдары туралы келісім;
7. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Бас кеден басқармасы арасындағы ҚР-дан ҚХР-ға құнбағыс, мақсары, соя және зығыр тұқымының шротын (күнжара) экспорттауға қойылатын санитариялық және фитосанитариялық талаптар жөніндегі хаттама;
8. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Бас кеден басқармасы арасындағы ҚР-дан ҚХР-ға экспортталатын бұршақ пен жасымық партияларына қойылатын инспекциялық және карантиндік талаптар жөніндегі хаттама;
9. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Бас кеден басқармасы арасындағы ҚР-дан ҚХР-ға су өнімдерін экспорттау жөніндегі хаттама;
10. Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Даму және реформалар жөніндегі мемлекеттік комитеті арасындағы Қазақстан мен Қытай арасындағы үшінші трансшекаралық

теміржолды бірлесіп іске асыруды алдын ала қарау туралы өзара түсіністік туралы меморандум;

11. Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Мәдениет және туризм министрлігі арасындағы мәдени орталықтар құру жөніндегі ниеті туралы меморандум;

12. Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Коммерция министрлігі арасындағы сауда-экономикалық зерттеулер саласындағы өзара түсіністік туралы меморандум;

13. Қазақстан стандарттау және метрология институты мен Қытай Халық Республикасының Стандарттау басқармасы арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум.

14. ҚР Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі мен ҚХР Тяньцзинь қаласының Халық Үкіметі арасында Қазақстанда «Лусан шеберханасын» құру туралы келісім;

15. ҚР Шымкент қаласы мен ҚХР Сиань қаласы арасында бауырластық байланыстар орнату туралы келісім;

16. ҚР Солтүстік Қазақстан облысы мен ҚХР Шэньси провинциясы арасында бауырластық байланыстар/қатынастар орнату туралы келісім;

17. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Сиань Солтүстік-Батыс политехникалық университеті арасындағы ҚазҰУ жанынан ССБПУ филиалын ашу туралы келісім;

18. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі мен Қытай Халық Республикасы Энергетика істері жөніндегі мемлекеттік басқару арасындағы энергетика саласындағы ынтымақтастық туралы меморандум;

19. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі мен «Қытай ұлттық мұнай-газ корпорациясы» арасындағы қазақ-қытай стратегиялық энергетикалық ынтымақтастығын кеңейту туралы негіздеме келісім;

20. Қазақстан Республикасы Техникалық реттеу және метрология комитеті мен ҚХР Стандарттау басқармасы арасындағы меморандум;

21. «Хабар» Агенттігі» АҚ мен Қытай Медиа корпорациясы (СМГ) арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум;

22. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Қытай мұнай университеті арасындағы ынтымақтастық орнату туралы келісім;

23. С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті мен Қытай Солтүстік-Батыс ауыл және орман шаруашылықтары университеті арасындағы ынтымақтастық туралы келісім.

ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫ 5%-ҒА ӨСТІ

ҚР Премьер-Министрі Әліхан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында былғы қаңтар-сәуір айларындағы әлеуметтік-экономикалық даму және республикалық бюджеттің атқарылу қорытындылары қаралды.

Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуанышев есепті кезеңде Қазақстан экономикасы 5%-ға өскенін баяндады. Бұл ретте нақты сектордағы өсім 4,8%-ды, ал қызмет көрсету саласында 4,9%-ды құрады. Барлық негізгі салаларда оң динамика байқалады, ең жақсы көрсеткіштерді құрылыс (+15,4%), сауда (+11,2%), сондай-ақ ақпарат және байланыс (+9,7%) салалары көрсетіп отыр.

Негізгі капиталға салынған инвестициялардың өсу қарқыны 18%-ды құрады. Атап айтқанда, көлік және қоймалау — 39,3%, ауыл шаруашылығы — 26,5%, жылжымайтын мүлікпен операциялар — 10%, сондай-ақ өнеркәсіп — 18,1%, оның ішінде тау-кен өндіру — 17,3% және өңдеу — 7% инвестиция тарту деңгейі өсіп отыр. Өңірлік тұрғыда үздік көрсеткіштер Түркістан (+60,4%), Маңғыстау (+46%), Қызылорда (+42,1%) және Батыс Қазақстан (+34,6%) облыстарында байқалады. Алдын ала жасалған қорытындыға сәйкес қаңтар-наурыз айларында сыртқы сауда айналымы 13,4%-ға өсіп, \$32,7 млрд-ты құрады. Экспорт \$18,7 млрд-қа жетті, өңделген тауарлардың экспорты 8,1%-ға өсіп, \$5,9 млрд-қа жетті. Жалпы есепті кезеңдегі оң сауда балансы \$4,8 млрд-ты құрады.

Премьер-Министрдің орынбасары — қаржы министрі Ерулан Жамаубаевтың айтуынша, қаңтар-сәуір айларында мемлекеттік бюджетке 6,1 трлн теңге кіріс түскен, жоспар 104,6% орындалған. Атап айтқанда, республикалық бюджет 4 трлн теңгеге, жергілікті бюджеттер 2 трлн 123 млрд теңгеге толықты. Барлық өңірлер бойынша кіріс жоспарлары асыра орындалды. Осы кезеңде мемлекеттік бюджет шығыстары 98,6%-ға, республикалық бюджет 99%-ға, жергілікті бюджеттер 98,6%-ға орындалды.

Премьер-Министр 4 айдың қорытындысы бойынша ел экономикасы жақсы өсу қарқынын көрсетіп отырғанын атап өтті.

«Жалпы ішкі өнім көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 5%-ға ұлғайды. Экономиканың базалық салаларында оң динамика сақталды. Өңдеу өнеркәсібі 5,1%-ға өсті», — деді Әліхан Смайылов.

Сондай-ақ машина жасауда — 36%, оның ішінде автомобиль жасауда — 41%, локомотивтер мен вагондар өндірісінде — 64%, жеңіл өнеркәсіп саласы — 35%, тоқыма өндірісінде — 55%, киім-кешек — 8%, былғары өнімінде — 2%, сондай-ақ құрылыс саласында 15%-дан астам орықты өсім қалыптасып отыр.

Азық-түлік және минералды өнімдер өндірісі 8%-ға, электр энергиясын өндіру 6%-ға ұлғайды. Фармацевтика мен ауыл шаруашылығы 4%-ға, мұнай өңдеу 3%-ға, тау-кен өнеркәсібі 2%-ға өсті. Қызмет көрсету секторы 5%-ға өсті. Бұған сауда, ақпарат, байланыс және көлік салалары оң әсер етті.

«Тұрақты инвестициялық белсенділік, оның ішінде шикізаттық емес секторларға инвестиция тарту серпінді экономикалық өсімнің басты факторы болып табылады. Тау-кен өндірісін есепке алмағанда, негізгі капиталға

салынған инвестициялардың өсуі 18%-дан астам», — деп атап өтті Премьер-Министр. Жалпы, 4 айдың қорытындысы бойынша Абай, Жетісу, Ұлытау, Ақмола, Батыс Қазақстан, Қостанай, Қызылорда, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары мен Алматы қаласында барлық макроқорсеткіштердің өсуі тіркеліп отыр. Ең төмен көрсеткіштер — Атырау және Ақтөбе облыстарында байқалады.

Ол министрліктер мен өңір басшылары экономиканы одан әрі әртарапандыру, және тұрақты жұмыс орындарын құру бойынша жұмысты жалғастыруға қажет екенін атап өтті. Бұл орайда, ішкі нарықты отандық тауарлармен толықтыруға және шикізаттық емес өнім шығаруға басымдық берілуі тиіс.

Оның айтуынша, іскерлік белсенділікті арттырып, экономиканы сапалы дамыту үшін ішкі және сыртқы инвестицияларды тарту жұмысын жандандыру қажет. Сондай-ақ, жеңіл өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, көлік, логистика, IT, туризм және басқа салаларда жоспарланған инвестициялық жобалар пулын іске асыруға күш салу қажет.

«Біз негізгі капиталға 18,5 трлн теңге мөлшерінде инвестиция тартуымыз керек», — деді Премьер-Министр.

Сонымен қатар кәсіпкерлік пен бәсекелестікті дамыту, сондай-ақ көлеңкелі экономика деңгейін төмендету шараларын әрі қарай жалғастыру маңызды. Әсіресе, шағын және орта бизнесте жұмыс орындарын құруға баса назар аудару керек. Жаңа өндірістердің пайда болуына және қолданыстағы өндірістерді кеңейтуге бағытталған бастамаларды белсенді түрде қолдаған жөн.

«Бизнесті ашуға және жүргізуге барынша жағдай жасап, кәсіпкерлердің проблемаларын жедел шешу қажет. Бұл міндет тиісті министрліктер мен әкімдіктердің тұрақты бақылауында болуы тиіс», — деді Әліхан Смайылов.

Экономикалық саясаттағы басымдықтардың бірі — мемлекеттің экономикадағы үлесін Жалпы ішкі өнімнің 14,4%-ына дейін біртіндеп қысқарту. Биыл 2025-ші жылға дейінгі Жекешелендірудің кешенді жоспарының 90%-ға орындалуын қамтамасыз ету керек.

Премьер-Министр мұнымен қатар бағанын өсуін тежеуге күш салу қажеттігін атап өтті.

«Біздің мақсатымыз — биыл инфляцияны 2 есеге төмендету. Ол үшін үйлесімді және нақты шұғыл шаралар қажет. Былғы жылдың сәуір айында инфляция 16,8%-ға дейін баяулады. Өңір әкімдері әлеуметтік маңызды бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру бойынша сапалы жұмысты жалғастыруы керек», — деді Үкімет басшысы.

Ол сондай-ақ инфляция деңгейін бағылау және төмендету жөніндегі өзектендірілген шаралар жоспарын орындау үшін барлық тиісті шараларды қабылдау қажет екенін айтты.

Қорытындылай келе, Премьер-Министр қаржылық тәртіпті күшейту және мемлекеттік бюджет шығыстарының тиімділігін арттыру маңызды екенін назар аударды. Атап айтқанда, Бизнесің жол картасы — 2025» және «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламалары бойынша іске асырылатын шаралардың сапасын жақсартқан жөн.

primeminister.kz

ДАРА ТҰЛҒА



Жетісу мәдениет үйінде Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің профессоры, әнші - композитор, сырнайшы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Екпінді ауылының тумасы Ағайша Шермұхамбетқызы Исағұлованың шығармашылық ән кеші жоғары деңгейде өтті.

Мерекелік кешке арнайы келген аудан әкімі Елдос Ахметов Ағайша Исағұлованың шығармашылық ән кешімен құттықтап, концертте өнер көрсеткен барша өнерпаздарға және қолдау білдірген көрермендерге өз алғысын жеткізді.

ЖАҢА ӘДЕП КОДЕКСІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРГЕ АДАМГЕРШІЛІК БАҒЫТ-БАҒДАР БЕРЕДІ



Қазіргі заманның мемлекеттік қызметшілері қоғам тарапынан қойылатын талаптарға сай болуы тиіс, себебі олардың басты міндеті – азаматтардың қоғамдық мүдделері үшін қызмет ету болып табылады. Мемлекеттік аппарат ішіндегі және мемлекеттік қызметшілердің азаматтармен, қоғаммен өзара әрекеттесуіндегі қарым-қатынас мәдениеті турғысынан мемлекеттік қызметтің негізін қалаушы принциптерін анықтау барысында көбінесе адам қасиеттерге, яғни мемлекеттік қызметшінің моральдық ұстанымдары мен құндылықтарына жоғары мән беріледі. Өйткені мемлекеттік қызметшілердің бойында дәл осы моральдық ұстанымдардың болмауы түбінде жағымсыз құбылыстарға, құқық бұзушылықтарға, жемқорлыққа алып келеді. Бұл өз кезегінде халықтың мемлекеттік билік институттарына деген сенімін азайтып, мемлекеттік қызметшінің беделіне нұқсан келтіреді.

Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметшілердің мемлекет тұрақтылығының кепілі екені сөзсіз. Олар ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін, халықтың барлық топтарына ұсынылатын мемлекеттік қызметтердің сапасы мен жылдамдығын қамтамасыз етеді, адалдықтың, әділдіктің және кәсіпқойлықтың үлгісі болып табылады.

Әрбір қазақстандық мемлекеттік қызметші өз қызметінде мемлекеттік қызметтегі мінез-құлық қағидаларын реттейтін Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің басшылыққа алуға міндетті. Кодекске сәйкес, олар жоғары кәсіби, адал, әділ, қарапайым болуға, жалпы қабылданған моральдық-әдептік нормаларды сақтауға тиіс. Әдептілік - өркениетті қоғамның адамгершілік қағидалары екенін есте ұстаған жөн.

Қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенім деңгейін арттыру және халықпен кері байланысты жақсарту үшін жұмыс істеу қажет. Осы тұрғыдан алғанда, жаңа Әдеп кодексінің қызметтік әдеп нормаларын дұрыс түсіну мен қолдануда маңызы зор.

Егер бұрынғы редакциядағы Әдеп кодексі мемлекеттік қызметшілерге қойылатын моральдық-адамгершілік талаптарды да, олардың мінез-құлқының негізгі қағидаларын да біріктірсе, жаңа редакцияда этикалық талаптар мемлекеттік қызметшілердің қызметтік этикасына жатпайтын өзге де ережелерден бөлек қарастырылады.

Өзгерістердің Кодекстің құрылымына да қатысты болғанын айта кету керек, «Мемлекеттік қызметтің әдептік қағидалары» атты жаңа тарау пайда болды, соған сәйкес мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебі алты қағидаға негізделген. Олар – адал ниеттілік, адалдық, әділдік, ашықтық, сыпайылық, клиентке бағдарлану. Мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік қызметтерді тұтынушы ретіндегі халықтың сұранысына бағдарлана отырып, жұртшылықпен жұмыс істеуге әзірлік танытуы және өз іс-әрекеттерінің ашықтығын

қамтамасыз етуі тиіс. Әдеп кодексі мемлекеттік қызметшілерге адамгершілік бағыт-бағдар беруге арналған. Оның мақсаты мемлекеттік қызметшінің өз жұмысының маңыздылығына сенімділігін арттыру және кодексте көрсетілген барлық қағидаларды сақтай отырып, мемлекеттік қызметтің жарқын үлгісі болғанына мақтаншы сезімін қалыптастыру болып табылады. Бұл, басқа сөзбен айтқанда, мемлекеттік аппараттағы кәсіби қызметпен айналысуға құқық беретін анттың бір түрі. Осылай ант беру арқылы мемлекеттік қызметшілер кодекс талаптарын бұзу қоғам мен мемлекет тарапынан сын тудыратынын түсінеді. Сөйкесінше, Әдеп кодексі талаптарын қатаң сақтау мемлекеттік қызметтің беделіне нұқсан келтіретін тәртіптік теріс қылықтардың азаюына ықпал етеді.

Мемлекеттік қызметтегі жағымсыз құбылыстармен тек жазалау шараларын қолдана отырып күресудің тиімділігі шамалы, өйткені ең алдымен бұл құбылыстардың түпкі себептерін жою қажет. Бұл жағдай да Әдеп кодексінің маңыздылығын көрсетіп отыр. Басқа сөзбен айтқанда, егер белгілі бір уәкілеттілікті теріс пайдаландудың, сыбайлас жемқорлықтың белгілі бір алғышарттары сақталатын болса, онда жағымсыз құбылыс жойылмайды. Сондықтан уақтылы алдын алу шаралары, оның ішінде Әдеп кодексінің нормаларын түсіндіру мемлекеттік қызметшілердің кәсіби дамуының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, кәсіби әдеп пен іскерлік әдеп саласында қажетті білім деңгейін, оларды кәсіби қызметте пайдалану дағдыларын қамтамасыз етеді.

Б.ДЮСЕБАЕВ,
Ескелді ауданы әкімі аппаратының басшысы, Әдеп жөніндегі уәкіл

Прежде всего, следует разобраться с самим понятием коррупции. Существует много вариантов его определения. Если обратиться к словарю, определения коррупции будут звучать как «моральное разложение должностных лиц и политиков», в число которых входят незаконное обогащение, взяточничество, кража и т.д. Но борьба с «моральным разложением» больше напоминает бой с мельницами, поэтому лучше всего опираться на букву закона.
Коррупция — это злоупотребление служебным положением, либо иное незаконное использование физическим лицом своего должностного положения вопреки законным интересам общества и государства в целях получения выгоды. Выгода может проявляться в разной форме, начиная от взятки и хищения денег и заканчивая незаконной помощью друзьям и родственникам. **В правовом определении перечисляются наиболее распространенные формы коррупции:**
- дача и получение взятки;
- злоупотребление полномочиями;
- коммерческий подкуп.
Современные виды проявления делают борьбу с коррупцией еще сложнее. Основы противодействия коррупции должны заключаться в системности подхода, направленного не только на фактический контроль и наказание, но и на предотвращение коррупции. К мерам по профилактике коррупции относятся:
- информационная работа с населением, нацеленная на донесение к обществу идеи о недопустимости коррупции и необходимости сообщать о ней при любых обстоятельствах;
- повышение прозрачности деятельности организации;
- независимость СМИ;
- упрощение бюрократических процедур, перевод их в электронный формат.

ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ ИЕСІ – БҮГІНГІ ЖАС МАМАН

Жақында М.Маметова атындағы орта мектебінде жас мұғалімдердің кәсіби құлшынысын арттыру, ұжымда жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру, кәсіби өсуіне жағдай жасап, әдістемелік көмек көрсету мақсатында «Инновациялық әдіс-тәсілдер арқылы жас мамандардың кәсіби шеберлігін арттыру» тақырыбында аудандық семинар ұйымдастырылды. Шараға өңіріміздің 25 мектебінен жас мамандар қатысты. Семинардың мақсаты – жас мамандардың педагогикалық шеберліктерін арттыра отырып, іс-әрекетін жаңашылдыққа бағыттауды қалыптастыру, озық тәжірибені ендіру, кәсіби құзыреттілігін арттыру.

Семинар барысында ықшам сабақтар көрсетіліп, шебер сыныптар ұйымдастырылды. М.Маметова атындағы орта мектебінен физика пәнінің мұғалімі А.Шаймуран, биология пәнінің мұғалімі Н.Шаймұқашева, Шестаков атындағы орта мектебінен А.Қалиахмет, Г.Калибаева ықшам сабақ өткізді. Жас мамандардың сабағын бақылаған мамандар тарапынан кері байланыс берілді. Со-



нымен қатар, «Жас мамандардың кәсіби мотивациясын арттыру» тақырыбында TED-x форматындағы сұхбат өткізілді. Республикалық «Үздік педагог» байқауы грантының иегері, «Жылдың үздік мұғалімі-2017» байқауының жеңімпазы, Текелі қаласының №1 мектебінің география пәнінің мұғалімі Б.Молбаев семинарға қатысқан жас мамандарға «Жетістікке жетудің төрт көкжиегі» тақырыбында өзінің тәжірибесімен бөлісті. Келесі кезекте «Жылдың үздік мұғалімі-2020»

байқауының жеңімпазы, Талдықорған қаласының №26 мектебінің математика пәнінің мұғалімі А.Каймуханов «Үздіксіз даму - жетістікке жетудің кілті» тақырыбында өзінің жетістікке жету жолындағы ізденісі мен талпынысы жайында тәжірибесімен бөлісті.

Р.Б.МЕИРБЕКОВА,
М.Маметова атындағы орта мектебінің директоры, аудандық мәслихат депутаты

КОНЦЕПЦИЯ АНТИКОРРУПЦИОННОЙ ПОЛИТИКИ ОБСУЖДЕНА С ЛИЧНЫМ СОСТАВОМ ДЕПАРТАМЕНТА КОМИТЕТА ТРУДА И СОЦИАЛЬНОЙ ЗАЩИТЫ ОБЛАСТИ ЖЕТИСУ



15 мая текущего года офицер Управления првенции ДАПК по области Жетісу Алпысбаев А.Ж провёл профилактическую встречу с сотрудниками Департамента комитета труда и социальной защиты области Жетісу.

Целью встречи было разъяснение проводимой работы по реализации

Концепции антикоррупционной политики на 2022-2026 годы, основных принципов и методов разработки антикоррупционной политики.

Представитель Антикора акцентировал внимание слушателей на текущих проблемах общества, таких как: «бытовая» коррупция, непрозрачность бюджетных процессов и закупок, высокий уровень госучастия в экономике, административные

барьеры, дискреционные нормы, отсутствия понятного разъяснения прав и обязанностей граждан, коррупционные риски в судах и правоохранительных органах и др.

Также спикер обозначил важность развития этических стандартов и профессиональных требований для государственных служащих, которые должны включать обучение и тренинги, чтобы содействовать принятию корректных решений в различных ситуациях.

Вместе с тем, в ходе встречи освещена проводимая работа по Карте коррупционных рисков области и имеющиеся отдельные результаты.

В завершении встречи участникам показаны видео ролики на антикоррупционную тематику, а также разъяснена работа колл-центра Агентства 1424, основной задачей которого является бесплатная консультационная поддержка граждан по вопросам противодействия коррупции и прием телефонных сообщений о коррупционных правонарушениях.

КАК БОРОТЬСЯ С КОРРУПЦИЕЙ

В целях предупреждения и недопущения коррупционных проявлений в КГУ «Кабинет психолого-педагогической коррекции №12» (КППК) Ескельдинского района среди сотрудников, а также родителей проводятся различные мероприятия, беседы, круглые столы. Все подобные работы, безусловно, способствуют борьбе с коррупцией.

Какие основные функции КППК?
Согласно приказа Министра просвещения РК от 31.08.2022 года № 385. «Об утверждении Типовых правил деятельности организаций дошкольного, начального, основного среднего, общего среднего, технического и профессионального, послесреднего образования, специализированных, специальных, организациях образования для детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей, организаций дополнительного образования для детей и взрослых», КППК оказывает комплексную психолого-педагогическую помощь детям с особыми образовательными потребностями (ООП) в возрасте от рождения до 18 лет, за исключением детей, посещающих другие специальные организации образования.
Дети с ООП – это дети с нарушениями зрения, слуха, речи, опорно-двигательного аппарата, общения и социального взаимодействия, поведения, интеллекта, а также с задержкой психического развития.
Направление и зачисление детей в КППК осуществляется на основании заключения и рекомендаций Психолого-медико-педагогической консультации (ПМПК) и с согласия родителей (законных представителей).
Предоставление специальной психолого-

педагогической поддержки детям с ООП регулируется на основании договора между КППК и родителем ребенка (законных представителей). Продолжительность оказания помощи детям в КППК определяется в соответствии с приказом МОН РК от 27.05.2020 года № 223 «Об утверждении правил оказания государственных услуг в сфере психолого-педагогической поддержки, оказываемых местными исполнительными органами» и составляет – от 90 календарных дней до 365 календарных дней.

А как происходит прием педагогов на вакантную должность?
Прием педагогов на работу в КППК осуществляется на конкурсной основе, согласно приказа МОН РК от 21.02.2012 года № 57 «Об утверждении правил назначения на должности, освобождения от должности первых руководителей и педагогов государственных организаций образования» глава 3, параграф 1.

Порядок организации конкурса включает в себя следующие этапы:
- публикация объявления о проведении конкурса на портале «Электронная биржа труда» и официальных аккаунтах социальных сетей организации;
- определение даты и места проведения конкурса и формирование конкурсной комиссии;
- прием документов от кандидатов, согласно приказа МОН РК от 21.02.2012 года № 57 (глава 3, параграф 1, пункт 118);
- рассмотрение документов кандидатов на соответствие квалификационным требованиям, утвержденными Типовыми квалификационными характеристиками педагогов (приказ МОН РК от 13.07.2009 года № 338);

- заключительное заседание конкурсной комиссии.

Также следует отметить, что в организации функционирует единая платформа приема и обработки обращений граждан — E-otinish, где наши сотрудники могут принимать гражданские обращения в электронной форме. Свои обращения можно будет отправить на портале EGOV KZ или через мобильное приложение E-otinish. Независимо от выбранного метода, граждане могут контролировать статус рассмотрения своего обращения. Вся история сохраняется в системе.

На сегодняшний день в области Жетісу функционируют 9 КППК

- КППК №1 города Талдықорған (пр. Назарбаева,175)
- КППК №2 города Текелі (ул. Ауэзова,41)
- КППК №3 Каратальского района (г. Уштобе, ул. Т. Кусмұлдауова,19)
- КППК №6 Аксуиского района (Жансұғуров, ул. Кабанбай батыра,21)
- КППК №9 Кербұлақского района (село Сарыозек, ул. Жастар,1)
- КППК №10 Сарқанского района (село Сарқан, ул. Абая Кунанбаева,60А)
- КППК №11 Алакольского района (село Ушарал, ул. Кабанбай батыра,91А)
- КППК №12 Ескельдинского района (село Карабулак, ул. Оразбекова,31)
- КППК №22 Панфиловского района (село Жаркент, ул. Бусакова,51)

Н.Ж. АШИМБАЕВА,
Руководитель КГУ «Кабинет психолого-педагогической коррекции №12» Ескельдинского района

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ САЛАСЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР



Әрбір мемлекеттің даму жолында мемлекеттік қызметтің қосар үлесі ерекше. Өйткені, еліміздің саяси - экономикалық жағдайының тұрақтылығы мен қоғамдық қатынастардың қалыптасуы мемлекеттік қызметке тікелей байланысты. Сол себепті, заман талабына сай мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамалар да тұрақты жетілдіріліп, өзгерістер енгізіліп тұрады.

Соңғы енгізілген өзгерістер мемлекеттік қызметке кіру кезінде артық кедергілерді жою және мемлекеттік қызметтен босату тәртібін оңайлатуға бағытталды. Енді үлгерімі жоғары түлектер мемлекеттік қызмет саласына конкурссыз түсе алар мүмкіндікке ие болды. Бұл өз кезегінде білікті жастарды мемлекеттік қызметке тартуға, жас мамандардың аудандар мен ауылдық өңірлерге оралуына, сондай-ақ, өңірлердегі кәсіби кадрлар тапшылығын жоюға ықпал етіп, мемлекеттік қызметке кіру үдерісін жеңілдетеді.

Тағы бір жеңілдік. Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында оқуын жақсы нәтижемен аяқтаған тұлғалар бір жыл ішінде конкурссыз белгілі бір әкімшілік лауазымдарға орналаса алады.

Ол үшін, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша мемлекеттік тапсырыс шеңберінде Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында және білім беру ұйымдарында оқуды аяқтаған адамдарға оқыту нәтижесінің мәндері белгіленді. Мәселен, тиісті академиялық нәтиже 3,33 GPA, яғни,

дәстүрлі жүйе бойынша «жақсы» немесе 100 балдық жүйе бойынша 85-89 деңгейінде болуы керек.

Айта кетерлік тағы бір өзгеріс, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Заңнамаға «келісімшарттық қызметшілер» ұғымы енгізілді. Өйткені, Мемлекет басшысы мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында келісімшарт жасаушылар институтын енгізуді ерекше тапсырған еді. Олар мемлекеттік қызметкерлер санатына жатпайды. Нәтижесінде, бұл толықтырулар салалық жобаларды іске асыру кезеңінде бейіндік білімі бар мамандарды тартуға мүмкіндік береді. Келісімшарт мерзімі бір жылдан аспайды.

Тағы бір игі ақпарат – ротациялық төлемнің енгізілуі. Мәселен, өзге елді мекенге ротациялау кезінде мемлекеттік қызметшілер «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, қызметтік тұрғын үймен қамтамасыз етіледі, ал қызметтік тұрғын үй болмаған жағдайда, ротацияланған мемлекеттік қызметшілер лауазымдық міндеттерін атқару кезеңінде олардың мөлшерін есептеу, тағайындау, қайта есептеу, жүзеге асыру, тоқтату, қайтару қағидаларына сәйкес, ротациялық төлемдер жүргізіледі.

Бұдан бөлек, Агенттікке мемлекеттік қызметшілер үшін қашықтықтан жұмыс істеу, аралас қашықтықтан жұмыс істеу, икемді жұмыс уақыты режимінде жұмыс істеу қағидаларын әзірлеу жөніндегі өкілеттілік ұсынылды.

Осы уақытқа дейін, мемлекеттік

басқару академиясына оқуға түскен кез келген мемлекеттік қызметші оқуын тәмамдаған соң сол органда жұмыс істеуі міндетті еді. Яғни, бір жыл ішінде қызметкер басқа мемлекеттік органға ауыса алмайтын. Осыған байланысты аталған талап жойылып, академия түлегі мемлекеттік қызметте үш жыл жұмыс істеуі керек деген талап қалдырылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен және Қазақстан Республикасы Үкіметінің аппаратымен келісім бойынша мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің басшы және атқарушы құрамының арақатынасын айқындау қағидаларын әзірлеу және бейіт жөніндегі функциялар да енді Агенттікке тиесілі. Қолданыстағы редакцияға сәйкес, әрбір мемлекеттік органның өзі өзінің штаттық кестесін бекітеді. Алайда, басшылар мен орындаушылардың саны реттелмеген. Нәтижесінде, кейде бөлімнің бір басшысына тек бір немесе екі орындаушы бөлінетін жағдайлар орын алып жатады. Кейбір мемлекеттік органдарда басшылардың саны орындаушылардан асып түсетін жағдайлар да кездеседі. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін басшылар мен орындаушылар саны Агенттіктің бұйрығымен реттелетін болады.

Тағы бір өзгеріс, мемлекеттік қызметшілерге еңбекақы төлеу саласындағы нормативтік-құқықтық актілердің жобаларын Агенттікпен келісу. Заңның қолданыстағы редакциясына сәйкес, мемлекеттік қызметшілерге еңбекақы төлеу жүйесі мен оларға бонустар төлеу тәртібін Үкімет бекіткен. Оны Ұлттық экономика министрлігі әзірледі. Енді Мемлекеттік қызметшілерді ынталандыру саласында бірыңғай саясат жүргізу мақсатында Агенттікпен еңбекақы төлеу саласындағы актілерді келісу қажет.

Міне, мемлекеттік қызмет саласы да айтарлықтай өзгерістерді басынан өткеруде. Мұндағы негізгі мақсат – халыққа адал қызмет ететін кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыптастыру болып табылады.

А.ДОСЫБАЕВА,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментінің бас маманы

ҚҰРМЕТТІ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ!

2013 жылдың қарашасында қыркүйектің әр соңғы жексенбесінде атап өтілетін Еңбек күні мерекесі құрылды (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 31 қазандағы №689 қаулысы).

Бұл мереке өзінің адал еңбегімен Егемен Қазақстанның қалыптасуы мен экономиканың дамуына негізін қалаған еңбеккерлерге алғысын білдіруге арналған.

Еңбек күнін мерекелеу шеңберінде Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен үздік еңбек әулеттері мен өндіріс қызметкерлерін анықтауға бағытталған «Еңбек жолы» республикалық конкурсы құрылды.

Конкурстың мақсаты ел экономикасының дамуына елеулі еңбек үлесін қосқан отандастардың жетістіктері үшін қазақстандықтардың мақтанышын туғызу болып табылады. Конкурсқа кәсіпорынның (саласына қарамастан) барлық жұмыскерлері қатыса алады.

Конкурс 3 номинациядан тұрады:

1) «Үздік еңбек әулеті» – еңбек өтілі ең ұзақ, марапаттары ең көп, ең көп санды әулет таңдалады.

Конкурсқа меншіктің барлық нысанындағы ұйымдардағы еңбек әулеттерінің өкілдері қатыса алады.

Еңбек әулеті – бір отбасының жақын туыстарының екі және одан да көп ұрпағы болып табылатын (ерлі-зайыптылардың бірі немесе екеуі балаларымен немесе немерелерімен), қазіргі уақытта еңбек қызметін жүзеге асыратын және аталған ұйымдағы жиынтық жұмыс өтілі кемінде 20 жыл жұмыскерлер тобы. Еңбек қызметін бәрінен бұрын бастаған әулет өкілі әулеттің басшысы болып танылады.

Еңбек әулеті ауылдың, ауданның (қаланың, облыстың) қоғамдық өміріне белсенді қатысуға, жастарды

кәсіптік бағдарлауға жәрдемдесуге, өз кәсібін насихаттауға тиіс.

2) «Өндірістің үздік жас маманы» - жұмыс өтілі 5 жылдан аспайтын, ең белсенді және еңбекқор өндіріс жұмыскері таңдалады;

3) «Жұмыс істейтін жастардың үздік тәлімгері» - жұмыс өтілі кемінде 20 жыл, жоғары тиімді жұмыс істейтін тәлімгер таңдалады.

Конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар ұсынылады:

1) номинация көрсетілген, еркін нысандағы конкурсқа қатысу туралы өтінімі;

2) жеке куәліктің көшірмесі;

3) номинация тақырыбы бойынша 1-2 минуттан аспайтын бейнеролик (қалауы бойынша жұмыс орны және дағдылары көрсетілген);

4) конкурсант туралы (жұмысы, отбасы, қызығатын ісі, хобби және т.б.) 1-2 минут компьютерлік презентация (Microsoft Power Point форматында);

5) еңбек әулетінің әр өкілінің немесе жұмыскердің жұмыс өтілін растайтын, жұмыс беруші куәландырған еңбек кітапшасының және өзге де құжаттардың көшірмелері/жұмыс орнынан анықтамалар;

6) жұмыс беруші немесе кәсіподақ берген ұсынымдық хат;

Бар болса (мынадай құжаттардың көшірмелері):

мемлекеттік немесе ведомстволық наградалардың, мадақтау қағаздарының, алғыс хаттардың көшірмелері;

біліктілікті арттыру туралы сертификаттар (бар болса).

Конкурсқа құжаттар мемлекеттік немесе орыс тілінде ұсынылады.

Өтінімдер 2023 жылдың 1 маусымға дейін

Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне Қарабұлқ ауылы, Сатпаев көшесі 67, 3 кабинет немесе eskeldy_sobes@mail.ru

электрондық поштасына жолдауларыңызды сұраймыз.

ТАБИҒАТТЫ ӨРТТЕН ҚОРҒАУ БАРШАМЫЗДЫҢ ПАРЫЗЫМЫЗ



Шілденің орман белінен басталып, қыркүйектің басына дейін жалғасатын аптап ыстық өртке қарсы қызметі үшін аса бір сын-дарлы мерзімдердің бірі. Өйткені, таулы-далалы алқапта, жалпы табиғат аясында орын алатын өрт оқиғалары жиілейді. Құрғақ шөп күннің ыстықтығынан, яки, басқа себептерден тұтанса, аз мерзімнің ішінде ұланғайыр аумақтарға жайылып, алапат өртке айналмақ. Ең қауіптісі, орманға, егіндікке жайылып кету апатын да тудырады. Мал жайылымын құртып, мал шаруашылығымен айналысатын қожалықтардың нысандарына, аша-тұяқтысына қауіп төндіреді.

Қазіргі күндері облыс бойынша 3-4 өрт таулы-далалы аймақта тіркеліп отыр. Осыған орай өртке қарсы қызметті күшейтілген жұмыс күніне көшірілген. Өрт кезінде өртке қарсы қызметінің басқа да мекемелермен атап айтқанда, әкімдіктермен, көлік-коммуникация мекемелерімен, орман шаруашылығы басқармалармен т.б. қажетті орындармен бірігіп өзара әрекет ету іс-жоспарлары жасалған.

Бүгінгі таңда табиғат аясында орын алған өрттің бастамасына көбінде адамның да себебі болатындығын

айта кетуге болады. Даладағы өрттің көпшілігінде автокөлік тасжолының бойынан басталатындығын анықтау жұмыстары көрсетіп отыр. Оған не себеп дейсіз ғой. Оған себеп мысалы көлік жүргізушісінің өшірмей терезеден лақтыра салған темекі тұқылы екендігі сөзсіз. Сонымен қатар малшылардың да отты абайсыз қолданғандары да туған жердің отқа орануының бірден-бір себебі болуға.

Аудан өңірін өрттен қорғау үшін өртке қарсы қызметі бірқатар тиімді шараларды жүзеге асыруда. Олардың бірі Қаратал ауданының орман қорғау мекемесімен бірге табиғат аясындағы өртті анықтау мен ауыздықтау арналған жұмыстар үйлестірілуде. Орман қорғаушы мекемесінің мамандары қазіргі уақытта күн сайын аудан аумағын шарлап ұшады. Мақсат табиғат аясында шыққан өртті анықтап, оны сөндіруге күштерді жедел жұмылдыру. Бұл шараның нәтижесінде дала алқабын, орманды, таулы өңірді шарпыған өртті өрттің шағын көлемдерінде ауыздықтауға және оттан келетін зиянның көлемін барынша кемітуге септігі тиюде.

Қортындысында, баршаламыңызды табиғат аясында отқа сақ болуға шақырамыз. Өрттің барлығының абайсыздық танытқандықтан, елеп ескерілмегендіктен шығатындығын ұмытпайық. Және де туған жерді өрттен қорғау, аялап, қадірлеу әр азаматтың қастерлі парызы екендігі есімізде болғаны жөн.

Қ. ӘШИМОВ,
Ескелді ауданының ТЖБ инженері азаматтық қорғау аға лейтенанты

КУПАЛЬНЫЙ СЕЗОН: ПРАВИЛА БЕЗОПАСНОГО ПОВЕДЕНИЯ НА ВОДЕ

Чаще всего происшествия на водах происходят по вине самого человека в результате излишней самоуверенности, переоценки собственных сил и возможностей, пренебрежения элементарными правилами поведения на воде.

В этой связи, хотелось бы обратить внимание граждан Ескельдинского района на соблюдение требований Правил безопасности на водоемах, и в первую очередь запрещается:

- входить в воду и купаться в состоянии алкогольного и наркотического опьянения;
- прыгать в воду с лодок, катеров, причалов, а также сооружений, не приспособленных для этих целей;
- нырять в непроверенных и необ-

рудованных местах;

- заплывать за буйки, обозначающие границы заплыва;

- плавать на предметах, не предназначенных для плавания;

- взбираться на технические и предупредительные знаки, буйки;

- входить в воду детям без сопровождения взрослых.

Каждый человек должен знать опасные места и особенности водоема, в котором собирается купаться, так как в необорудованных местах могут быть валуны, затопленные бревна, куски железа, стекло и прочие предметы. Очень опасно подплывать к близко идущим катерам, судам и моторным лодкам, так как имели место быть случаи, когда под дно плавучих средств затыгивало во-

дой плывущего рядом человека.

Перед купанием необходимо обследовать водоем: место, выбранное для купания должно находиться на песчаном берегу и иметь удобный спуск к воде; убедиться в том, что в месте, выбранном для купания, отсутствуют коряги, нет топляка, дно имеет постепенный уклон без ям и уступов.

Необходимо отметить, что длительное купание также опасно для здоровья, и продолжительность купания, в основном, зависит от температуры воздуха, воды и силы ветра.

Главной причиной несчастных случаев с людьми на воде является неумение плавать. Ведь достаточно человеку, не умеющему плавать, неожиданно попасть на глубокое место, в сильную струю течения или под удар волны, как он моментально теряет самообладание, захлебывается и тонет.

Часто человек тонет от того, что его движения внешне сковывает судорога. Причинами же судороги являются переохлаждение в воде, переутомление мышц, вызванное их длительной работой при однообразном стиле плавания, резкие колебания температуры воды.

Е. ТУЛЕНДИНОВ,
Старший инженер ОЧС Ескельдинского района, старший лейтенант гражданской защиты



ДАНАЛЫҚТЫҢ ДАРИЯСЫ



Ескелді Жылгелдіұлы - би, шешен, қолбасшы. Шамамен 1695 жылы Жетісу өңіріндегі Қаратал өзенінің бойында дүниеге келіп, 1770 жылы дүниеден озған. Төле бидің Ұланбике деген қызынан туған жиен немересі. Ұлы жүз құамындағы жалайыр тайпасының сиыршы руынан шыққан. Ескелді би «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» жылдары Тұрлымбет Бекенұлы, Жайнақ, Тәттібай мерген, Малтабар, Құлжан сияқты батырларды өз маңына жинап, жоңғар шапқыншылығына қарсы қандай шапқыншылыққа қаршырамадық көрсеткен. Кейін Ескелді би бастаған жалайыр қолы Аңырақай шайқасына, Аягөз, Таскескен мен қазіргі Текелі қаласынан әрідегі Жолбарыс сайы, Балдырғанды, Қызқұлаған деген жерлерде өткен соғыстарға қатысып, қазақ жерін жаудан азат етуге елеулі үлес қосқан. Ескелді бидің Абылай ханның сенімді серігі болғаны жайында да аңыздар сақталған. Соның бірі - Ескелді бидің қалмақ ханы Қалдан Серенмен келіссөз жүргізуге барып, соңында сұдың түбін шым бекітеді, даудың түбін қыз бекітеді» деп, қалмақ ханы қызын Ескелді биге бергендігі туралы аңыз. Бірақ Ескелді би «Ата салтты санасыз бұзады. Тон жағасыз, ел ағасыз болмас» деп, жолын Абылай ханға берген екен. Халық арасында «Ескелді би айтты» деген ұлағатты сөздер кең таралып, ол жөнінде Бақтыбай Жолбарысұлы, Сара Тастанбекқызы, т. б. жыр жолдарын арнады. Алматы облысының Талдықорған ауданы 1929 жылға дейін «Ескелді би» ауданы аталып, 2000 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бұл атау қалпына келтірілді. Ескелді би туралы жазушы Ұ. Доспанбеті «Қызыл жолбарыс» атты 2 томдық тарихи роман жазды.

Ескелді бидің ел есіндегі жеті қасиеті
Қазақ халқының ұлт болып қалуына апаратын, сан ұрпақтың өсіп-өнуіне жағдай жасап, оны сақтап қалу жолында маңдай тері мен жанын пиде етуді мақсат еткен тарихи тұлғаларымыз аз емес. Олардың арасында халқының тәуелсіздігі мен жұртының тыныштығы үшін «түнде ұйықтамаған, күндіз отырмаған хан-сұлтандар, халықтың қамын жеген би-шешендер, ақын-жыраулар, айлап ат үстінен түспеген, түсе қалса, тоқым төсеніп, ер жастанған батыр-баһадүрлер, сардар қолбасшылар, руымен бірге ү шуден тайсалмаған елбасылары, жұрт ағалары, ақсақалдар, т.б. болды. Егер біз өткенімізге салауат айтып, бүгінге шүкіршілік етіп, болашаққа үкілі үмітпен қарар болсақ, онда ұлт нышаны: тілімізді, ділімізді, дінімізді ту етіп, ұрпақтың ұрпаққа аманаттап, аман жеткізген ата-бабаларымыздың, оларды түзу жолға бастап, бағыт-бағдар берген тарихи тұлғаларымыздың, ұлы қайраткерлеріміздің рухына бас иіп, олардың ерен ерлігі мен есіл еңбегін ұлықтап, жас ұрпақтың санасына сіңіру басты мұратымыз болуға тиіс. Міне, бүгінгі сөз күреспен өткен бүкіл саналы ғұмырын туған халқының тұтастығын, руластарының ынтымақ-бірлігін, ағайынның өзара татулығын сақтауға жұмсаған, ел амандығы үшін жанын қиюдан тайынбаған, биліктің шыңына шықса да әділдіктің ақ жолынан таңбаған ұлық тұлғалардың бірі, ірі қанған қайраткері Ескелді би Жылгелдіұлы туралы болмақ.

Ескелді би Жылгелдіұлы
Ескелді би Жылгелдіұлы (1695–1770) – би, шешен, туған жерін жоңғар шапқыншыларынан азат етуде аянбай күрескен қолбасшы, Төле бидің Ұланбике атты қызынан туған жиен немересі. Алматы облысының Іле мен Қаратал өзені аралығында туған. Ұлы жүз құрамындағы жалайыр тайпасының сиыршы руынан шыққан. Ескелді би «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылдары Тұрлымбет Бекенұлы, Жайнақ, Тәттібай мерген, Малтабар, Құлжан сияқты батырларды өз маңына жинап, жоңғар шапқыншылығына қарсы қанды шайқастарда қаһармандық көрсетті. Кейін Ескелді би бастаған жалайыр қолы Аңырақай шайқасына, Аягөз, Таскескен мен қазіргі Текелі қаласынан әрідегі Жолбарыс сайы, Балдырғанды, Қызқұлаған деген жерлерде өткен шайқастарға қатысып, қазақ жерін жаудан азат етуге елеулі үлес қосты. Ескелді бидің Абылай

ханның сенімді серігі болғаны жайында да аңыздар сақталған. Соның бірі Ескелді бидің қалмақ ханы Қалдан Серенмен келіссөз жүргізуге барып, соңында сұдың түбін шым бекітеді, даудың түбін қыз бекітеді» деп, қалмақ ханы қызын Ескелді биге бергендігі туралы аңыз. Бірақ Ескелді би «Ата салтты санасыз бұзады. Тон жағасыз, ел ағасыз болмас» деп, жолын Абылай ханға берген екен. Халық арасында «Ескелді би айтты» деген ұлағатты сөздер кең таралып, ол жөнінде Бақтыбай Жолбарысұлы, Сара Тастанбекқызы, т. б. жыр жолдарын арнады. Алматы облысының Талдықорған ауданы 1929 жылға дейін «Ескелді би» ауданы аталып, 2000 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бұл атау қалпына келтірілді. Ескелді би туралы жазушы Ұ. Доспанбеті «Қызыл жолбарыс» атты 2 томдық тарихи роман жазды.

Ескелді бидің ел есіндегі жеті қасиеті
Қазақ халқының ұлт болып қалуына апаратын, сан ұрпақтың өсіп-өнуіне жағдай жасап, оны сақтап қалу жолында маңдай тері мен жанын пиде етуді мақсат еткен тарихи тұлғаларымыз аз емес. Олардың арасында халқының тәуелсіздігі мен жұртының тыныштығы үшін «түнде ұйықтамаған, күндіз отырмаған хан-сұлтандар, халықтың қамын жеген би-шешендер, ақын-жыраулар, айлап ат үстінен түспеген, түсе қалса, тоқым төсеніп, ер жастанған батыр-баһадүрлер, сардар қолбасшылар, руымен бірге ү шуден тайсалмаған елбасылары, жұрт ағалары, ақсақалдар, т.б. болды. Егер біз өткенімізге салауат айтып, бүгінге шүкіршілік етіп, болашаққа үкілі үмітпен қарар болсақ, онда ұлт нышаны: тілімізді, ділімізді, дінімізді ту етіп, ұрпақтың ұрпаққа аманаттап, аман жеткізген ата-бабаларымыздың, оларды түзу жолға бастап, бағыт-бағдар берген тарихи тұлғаларымыздың, ұлы қайраткерлеріміздің рухына бас иіп, олардың ерен ерлігі мен есіл еңбегін ұлықтап, жас ұрпақтың санасына сіңіру басты мұратымыз болуға тиіс. Міне, бүгінгі сөз күреспен өткен бүкіл саналы ғұмырын туған халқының тұтастығын, руластарының ынтымақ-бірлігін, ағайынның өзара татулығын сақтауға жұмсаған, ел амандығы үшін жанын қиюдан тайынбаған, биліктің шыңына шықса да әділдіктің ақ жолынан таңбаған ұлық тұлғалардың бірі, ірі қанған қайраткері Ескелді би Жылгелдіұлы туралы болмақ.

Ескелді би Жылгелдіұлы
Ескелді би Жылгелдіұлы (1695–1770) – би, шешен, туған жерін жоңғар шапқыншыларынан азат етуде аянбай күрескен қолбасшы, Төле бидің Ұланбике атты қызынан туған жиен немересі. Алматы облысының Іле мен Қаратал өзені аралығында туған. Ұлы жүз құрамындағы жалайыр тайпасының сиыршы руынан шыққан. Ескелді би «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылдары Тұрлымбет Бекенұлы, Жайнақ, Тәттібай мерген, Малтабар, Құлжан сияқты батырларды өз маңына жинап, жоңғар шапқыншылығына қарсы қанды шайқастарда қаһармандық көрсетті. Кейін Ескелді би бастаған жалайыр қолы Аңырақай шайқасына, Аягөз, Таскескен мен қазіргі Текелі қаласынан әрідегі Жолбарыс сайы, Балдырғанды, Қызқұлаған деген жерлерде өткен шайқастарға қатысып, қазақ жерін жаудан азат етуге елеулі үлес қосты. Ескелді бидің Абылай

сынан тараған Жаңғабылдың немересі, Жылкелдінің белбаласы. Ел әңгімелеріне қарағанда, Жаңғабыл әйгілі Төле бимен құдандалы болып, Ұланбике есімді қызын ұлы Жылкелдіге айттырған. Кейін немересі дүниеге келгенде бұрынғының жолымен ұлы биге ат қойғызып, бата сұраған. Тумысынан зерек болып туған Ескелді атасының жетегінде жүріп тәрбие алып, ауыл ақсақалдарының ақылдасу жиындарын, рубасыларының алқалы кеңестерін тыңдап өскен. Ел ішінен шыққан парасат иелерінің ақыл-кеңесін, ділмәр-шешендердің сөз жүйесін, білікті билерден үзілмей келе жатқан жөн-жосық, ата жолын, үж, пәтуә, бітім, келісім, шешім, үкім, түсінік сияқты билік ұстанымдарын үйренді, жадына жаттады. Жастық шағының кейбір сәттерін нағашысы Төле бидің ауылында өткізіп, мемлекеттік, ұлттық мәселелерді қозғаған мәслихаттарға, құрылтайларға, ірі дау-жанжалдарды қарастырған топтар мен кеңестерге қатысуға мүмкіндік алды.

Сол тұстағы қазақтың зиялы қауымымен, тарихи тұлғаларымен жүздесіп, сөздеріне қанығып, көргенін көкейіне тоқыды. Кейде өзі де араласып, ұтымды жерде ұлайын жібермей дауға да қатысып отырды. Көргенінен көрегендігі басым Төле би баланың іс-әрекеті мен сезінен келешегін барлап, екі мәрте батасын беріп, билік жолында тілекші болды. Бұл – қазақ билерінің мыңынан біріне ғана берілетін тағдырдың сыйы еді. Ескелді кейін жас болса да дауға араласты, әділдігімен екі билерді таңдандырды. Сөйтіп, қазақ қоғамында сирек те болса кездесетін «Бала билердің» қатарынан орын алды.

Ел ішінде Ескелдінің тапқырлығына, зеректігіне, жастай билікке араласуына байланысты аңыз-әңгіме, өлең-жырлар аз сақталмаған. Соның бірінде Ескелдінің алғашқы билігінің бірі сөз болады. Ескелдінің бала кезінде әкесінің бір үйір қысырағы қолды болыпты. Араға жылдар өтіп бір елде той өтіп, балуандар күресіп, аттар бәйгеге қосылады. Ескелді сол бәйгеден озып келген атты көріп тұрып, оның әлгі жоғалған үйірдегі күреш биенің тұқымы екендігін айтып, дау қуады. Ат иесі де ант ішіп, өзінің төл малы екендігін дәлелдеп бағады. Ақыры екеуі Төле биге келіп жүгінеді. Абыз қарт екеуін бір күн қонақ етіп күтіп, келесі күні еріске өрген отардан үш қой алып қалып, Ескелдіге көгендегі көп қозының арасынан әлгі қойлардың төлін тауып, бауырына салуын бұйырды. Ол көгенге барып алдымен егіз қозы әкеліп бір қойдың бауырына салады, кейін тағы екі қозы қолтықтап келіп қалған қойларға салады. Қойлар жатысынбай емізіп кетеді. Көріп тұрған жұрт таңырқап, атты малданған жігіт кінәсін мойнына алады. Сонда Төле би тұрып даудың билігін Ескелдінің өзіне береді. Сонда жас ерен: «Мен мал іздеп жүргенім жоқ. Ол менен кеткен мал ғой. Іздемеймін де, ол өзіне құт болсын. Маған мына таныған атымды әперсеңіз болды», – деп дау түйінін шешіпті.

Екішіден, XVIII ғасырдың өзге ірі билері секілді Ескелді де ел басына күн туған сәттерде руластарынан жасақ құрып, оларға басшылық етіп, туған жер мен елдің тұтастығын сақтап қалуға атсалысты. Талай жекпе-жектерде қарсы келген жауынан күш-қайраты мен жігері үстем болып, жеңіске жетіп отырды. Ол Жетісу өлкесіндегі қазақ-жоңғар соғыстарының көбіне қатысып, әсіресе Іле-Бақанаста, Қапалда, Текелі тауында, Үштөбе мен Шымылдық қарағайда өткен шайқастарда көзсіз ерлік көрсетіп, жорық жолдарында ұйымдастырушы, қолбасшылық қырларымен де танымал болды. Жұрт жадында жатталып қалған аңыздарда Ескелдінің жаужүрек батырлығымен қоса әскери істің шебері, соғыстың әдіс-тәсілдерін жетік меңгерген, қабілетті қолбасшы ретіндегі тұлғасы жан-жақты баяндалады. Үштөбедегі алғаш жекпе-жегіне жаудың Долонхор батырын жер жастандырса, Іле бойындағы Лаузан-Шонаның түменімен болған соғыстағы жекеде қалмақтың жеті батырының басын қанжығасына

байлайды. Жетісу батырларының сапында, әсіресе рулас Балпық би, Қабан (Қабліса) жырауменен үзегілес жүріп күрескен Ескелді батыр жоңғарлар толық күйреп, шекара ауғанға дейін қолынан найзасы, белінен қылышы түспей ат үстінде жүрді.

Үшіншіден, Ескелдіні өзге билерден, рубасылары мен батырлардан ерекшелеп, оқшаулап тұратын тағы бір қыры – туыстарының, етене жақын ру-тайпаластарының келешегін ойлауы, оларды Сыр бойынан бастап жау тырнағынан босай бастаған атамекен, ата-бабалардың кіндік қаны тамған Жетісуға аман жеткізуі, замандастары Балпық, Қабан, Жолбарыс билермен бірігіп он екі ата Жалайырды алаламай әділдікпен қоныс бөліп беруі. Бұл да әйгілі Асанқайғы абыздың жөн-жосығымен еліне жайлы қоныс іздеген ұлы көштердің бірі еді. Белгілі фольклортанушы Ә. Диваевтың айтуынша Жетісу жұртын: «Үйсіннен Қасқарау Өтеген батыр, Суаннан Қараекенің баласы Дәулет, Жалайырдан Ескелді, Сыпатай, Байқоңыр батыр бесеуі жерге бастап алып келді».

Ел аузындағы бір әңгімеде Ескелді қасына жолсерік етіп Балпықты, Қабылса мен Қоғыл көріпкелді ертіп жер шолуға шығыпты делінеді. Түс мезетінде Қаратала жетіп, жан-жағын ағаштар мен көк шалғын көмкерген өзеннің суына жуынып-шайынып, жан рахатына бөленіпті. Сонда Жетісудың осы бір жеруығына тамсанған Ескелді би: «Па, шіркін, жер деп осыны айтсаңшы! Шеңгелі үйдей, қояны қойдай, балығы тайдай тулап жатыр. Жағасы жайдақ өзеннің жетім менен жесірлерге беретін нәсібі де мол ғой, – депті де атына мініп, берекелі өзенді әрлі-берлі кешіп өткен көрінеді. Бұл бүгінге дейін сақталып, жұрт кәдесіне жарап жатқан «Ескелді өткелінің» тарихы.

Төртіншіден, Ескелді өзіне тән Сыршы руының ғана емес, он екі ата Жалайыр тайпасының, тіпті Абақ пен Тарақтан өрбіген иісі Үйсіннің, қала берді бүкіл Ұлы жүздің қабырғалы билерінің бірі. Сондықтан ол рубасы ретінде өз жұртының күнделікті тіршілігіне, тұрмыс-әлеуетіне, әлеуметтік жағдайына, құқықтық жағынан қорғалуына жауапты болды. Әсіресе, ел ішіндегі қылмыстық іс-әрекеттерді, дау-дамайды реттеуде, ағайын арасындағы, болмаса рулық мәселелерді шешуде биліктілігімен, қара қылды қақ жаратын әділдігімен, тура жолдан таймайтын адалдығымен танылды. Ескелдінің билігіне қатысты аңыздардың көбінде ол айыпкерді, даугер мен қуныкерді бір-бірмен бейбіт түрде бітістіруге тырысып, үлкен руаралық жанжалдардың алдын алып отырғандығын аңғаруға болады. Ол дауды қарау үрдісінде айыпкерді мойындатудың далалық үлгілерін мейлінше шебер пайдаланып, қылмысты бұлтартпас айақтармен дәлелдеуге тырысқан. Мысалы, бірде екі адам бір атаншаға дауласып, иесін анықтап беруді сұрағанда, екеуіне де оның енесін алдырып, екі жерге байлатады. Жұрт алдында әлгі атаншаның тақымына қыл бұрау салып бақыртқанда, анық енесі бұйдасын үзіп, төліне қарай ұмтылса, қатысы жоқ екіншісі күйсеп тұра беріпті. Кінәлі амалсыз ұрлығын мойындап, ел бидің қисынды дәлеліне таңырқаған екен.

Екінші жолы бір сәбиге екі әйел таласып, дауласқанда Ескелді екі жақты байыппен тыңдап, ақыры түйіні шешілмеген соң ішкі сезіктеріне барлау жасап (психикалық сараптау), баланы қылышпен шауып, екеуіне қақ бөліп беретінін айтады. Сонда баланы шын туған әйел оның амандығын тілесе, иемденіп кеткен әйел тірідей айырылғысы келмей, бидің кесіміне мойынсынады. Екі әйелдің арасындағы психологиялық тартысты терең сезінген Ескелді баланың өліміне бейжай қараған адамды кінәлі деп тауып, оны туған шешесіне қайтарып беруге шешім шығарады. Бұл мотивтің төркіні сонау Сүлеймен пайғамбардың заманындағы осы мазмұндас оқиғаман орайласады. Кейін бұл сарын «Сүлейменнің соты» деген айдарым «Інжілге» енгізілген. Қазақ халқы да әлемнің өзге жұрттары сияқты осынау көне сарынды жадтан жатқа ауыстырып, бойына сіңіріп,

билік үдерісіне пайдаланып келгенін көреміз. Әсіресе, бүгіндері Төле би, Қазадауысты Қазыбек, болмаса Ескелді айтты деген сөздер жүздеген жыл ауыздан-ауызға тарап келгені белгілі. Алайда қазақ билері бұл сарынды кесім алдындағы тергеуде айғақты дәлел таппаған жағдайда айыпкерді бұлтартпаудың тәсілі ретінде пайдаланып отырған. Оған «Әділ төрелік» деген аңызда аталған көне оқиғаны Ескелдінің аузына салып, кейін Төле би шеше алмағанды дауды оның үлгісінде аяқтап, кінәлі әйел жазаланады.

Бесіншіден, Ескелді ауылдық, рулық, тайпалық деңгейлердегі дауларды шешуде бұлтартпас айғақтарды, қисынды дәлелдерді көркем ой мен шешен тілмен ұштастырып, байламды, кесімді тұжырымдарын бейнелі, кестелі тіркестермен, мақал-мәтелдермен, нақыл сөздермен, өлең-жыр үлгісімен жеткізіп отырған. Ол шаршы топ алдында, ел мәселелерін көтерген тартыстарда түйіні шиеленіскен дауды екі-ақ ауыз сөзбен шешетін жүйрік тілді шешендігімен де ерекшеленді. Сондықтан ел арасында Ескелді айтыпты деген сөздерде шешендік дау да, шешендік арнау да, шешендік толғауда да кездеседі. Біреу Сарыыннің атақты Сары би жер дауымен келіп, Ескелдінің үйінен түстеніпті. Қолын шайып, ұсынылған сүлгінің ортасынан ұстап, сүртініп, ұзақ тұрып қалыпты. Сонда себебін сұраған Ескелдіге қарап: «Бір мәні болғаны ғой. Түсінсеңіз түсінерсіз, түсінбесеңіз көрерсіз», – депті. Ескелді бір мырс етіп: «Шетінен сүртіңсеңіз, бірігіп ел боламыз» дегеніңіз еді. Екі ұшына сүртіңсеңіз, «еліңді екі бөлемін» дегеніңіз еді. Ортасына сүртіңіз, «ортанды қақ жарып, қоныс аламын» дегеніңіз ғой. Асқақ ойлап, астамшылыққа ұрынаңыз, ел обалы мойныңызда», – дейді. Осы аталы сөзге тоқталғанда Сары би елін Іледен өткізіп, Алғатау баурайына көшіп кеткен көрінеді. Сондай-ақ Ескелдінің соңында қалған мұралардың арасынан «Бақ пен дәулет тең келсе, Адамның толар кемелі», «Сабыр – ақыл серігі», «Ел қонабаса – жер азады, Жер болмаса – ел азады», «Абыройды төккенің – кісіліктен кеткенің», «Дұшпаным өзімнен зерек болмай» сияқты т.б. мәтелдер мен нақыл сөздерді мол ұшырастыруға болады.

Алтыншайдан, сол кезеңдегі өзге де билер сияқты Ескелді де жыраулық, әулие-көріпкелдік қасиеттерден кенде болмаған. Жаугершілік замандарда, әсіресе XV-XVIII ғасырлар аралығында халықты жауға қарсы күреске жұмылдырып, елдікке, ерлікке, отансүйгіштікке үндеуші басты идеологтардың қатарындағы жыраулардың көпшілігі бидің де қызметін атқарса, қазақ тарихында із қалдырған билердің де ақындық, жыраулық қасиеттері басым болғаны баршаға мәлім. Сондықтан бұл үдерістен Ескелдің де сырт қалмағаны – заңдылық. Онымен үзегілес жүріп, XVIII ғасырдың ел басына күн туған ауыр кезеңдердің ыстығы мен суығын тең бөліскен Қабан жырау Жалайырдың Мырза руының қабырғалы би болса, Оған қатысты сақталып қалған мұралардың қатарында Андас Балпық би айтыпты деген толғаулар жұрт жадында аз сақталмаған. Мысалы, Ескелдінің шабыттанып кеткенде жырауларша төгіп-төгіп жіберетінін қарт абыз Төле биге айтқан мына арнауынан айқын аңғаруға болады:

**Армысыз, ата!
Таудан аққан бұлағым,
Жауға шапсам ұраным.
Сыйынсам да Алаға
Өзінді айтып тұрамын!
Алты Алаштың өрісің,
Халқымыздың төрісің.
Өзің ғана табасың
Әрбір істің желісің.**

Болмаса, «Есерліктің белгісі, Кеуде соғар, керілер. Өсекшілдің белгісі, сөзі жылмаң көрінер», – деген жыр жолдарынан құралған дидактикалық сарындағы толғауын дәстүрлі жыраулар поэзиясынан алшақ деп айта алмаймыз.

Ескелдінің тағы бір қыры, көбіне жыраулардың бойына тән әулиелік, көріпкелдік, келешекті болжаушы сияқты тылсым күштердің де иесі

ретінде халық сенімін иеленуі. Ел аузындағы қария сөздерге сүйенсек, оның бойындағы мұндай қасиеттер бала кезінен белгілі болған. Соның бірін мынандай сюжеттің желісі құрайды. Бірде бесікте жатқан Ескелдіден өзге ешкімнің жоғын пайдаланып бір бейтаныс адам Жылкелдінің үйіне кіріп, көрегеді ілулі тұрған қылышты алып кетіпті. Біраз жылдардан кейін әлгі адам тағы келіп, қонақ болып отырғанда ойын баласы Ескелді оны танып қалып, үйдігілерге өткен қылышқа қатысты оқиғаны баяндап беріпті. Сондағы қолы суық адамның түр-келбетін, киген киімін, іс-әрекетін толық баяндап, оның қылмысын мойындауына мәжбүр еткен. Бұл әңгімені жоғарыда көрсетілген бәйгеден келген ат туралы, немесе Балпыққа Алладан перзент тілеуі жөніндегі, болмаса көз тиген тайлақты қамшымен жазып жіберуіне байланысты, әйтпесе киелі жез қармағымен Балпықтың қашқан атын байлап тастауына қатысты т.б. аңыздар толықтыра түсіп, Ескелдінің әулиелік, көріпкелдік дарынын айқындай түседі.

Жетіншіден, Ескелді бидің тарихи тұлғасы, ірі қайраткерлік келбеті қазақтың ауызша тарихында тек рулық, тайпааралық дау-жанжалдарды үйлестіруші ғана емес, елдің сыртқы істеріне де араласқан қанігі саясаткер, жұртының тыныштығын ойлаған елші-бітімгер ретінде де көрініс береді. Атап айтқанда, «Суан да ортақ, су да ортақ» деген аңызда жапсарлас жатқан Жалайыр мен Суан арасындағы барымта дауын, «Ескелді мен Қарамөңке бидің кездесуі» атты әңгімеде құн дауын әділ шешіп, алғашқысында тайпааралық, екіншісінде Ұлы жүз бен Орта жүз арасындағы қылмыстық іс-әрекеттерді ел мүддесі тұрғысында қарастырып, екі жақтың ынтымақ-бірлігін сақтап қалғанын аңғаруға болады.

Енді бір аңызда Ескелді жау қолына түседі. Оны қолға түсірген батыр ұлына үйіндегі ұры мысықты елсізге апарып тастауды бұйырады. Бала дйттеген жерге барып, мысықты лақтырғанда ол аттың бауырына жабысады да ат үркіп, баланың аяғы үзеңгіде кетеді. Тулаған аттың тепкісінен бала түсіп қалып, жұлынған бір аяғы үзеңгіде кетеді. Қалмақ батыры бұл қасіретін Ескелдінің киесінен көріп, оны босатып, тілегін сұрайды. Сонда би оның ел шегінен жыраққа көшіп кетуін сұрайды. Оның тілегі орындалып, ел басына тыныштық орнайды. Сөйтіп, Ескелді өзіне төнген қауіпке қарамай бойындағы бар асыл қасиетін жұмсап, қантөгісті соғыссыз, бейбіт бітімге келіпті.

Абылай тынымсыз соғыстардан ығыры шыққан кездердің бірінде жоңғар жағына Ескелді бастаған елшілер тобын аттандырады. Жоңғар ханының алдында Ескелді қазақ-қалмақтың түпкі тегі бір екендігін, тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрдің де ұқсастығын термелей жеткізіп, арадағы араздықты ата-бабалардың дәстүрімен бейбіт түрде шешуді сұрайды. Оның жолын: «Даудың түбін қыз бекітеді, судың түбін шым бекітеді. Жаудың түбін тіл бекітеді» деген далалықтардың ортақ ұстанымы айқындап беретінін де құлаққағыс етеді. Сонда Ескелдінің ұсынысын қолдаған хан беретінін қызды елшінің



өзіне қосып, ұзатпақ болады. Тағы да жауап сөздің қисынын тапқан би: «Салтты санасыздар бұзады. Ел ағасынан бұрын елші жол алмас болар. Абылай еліміздің айбыны да, ағасы да, тақсыр! Жол алдымен хан иемдікі!» — депті. Сөйтіп, бейбіт келісім жасалып, жоңғар ханының Қандан есімді қызын Абылай алыпты. Аңыз бойынша бұл әйгілі Қасым сұлтанның анасы болса керек.

Азды-көпті ел есінде қалған халық туындыларындағы ауызша мәліметтер Ескелді Жылкелділігін он екі ата Жалайырдың көшбасшысы ретіндегі орнын, сондай-ақ Жетісу өлкесінің, жалпы қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік, тарихи-мәдени өміріндегі рөлін, сол тұстағы халық мүддесі үшін атқарған орасан еңбегін баяндайды. Біз жоғарыда тарихи тұлғаның қысқаша ғана ел билеудегі, адал төрелік, әділ кесім етудегі, айбынды батыр-қолбасшы тұлғасында ел қорғаудағы, әулие-көріпкелдіктен ел келешегін жорудағы, мәмілегер елші-дипломат, сөз өнерінің шебері-шешен ретіндегі қырларын сөз еттік. Ал оның дала заңдылықтарының, ұлттық әдет-ғұрып пен салт-дәстүрдің білгірі абыздық-шежірешілік қызметі, философиялық ой-түйіндері, шешендік, ақын-жыраулық бейімдері толық қарастырылмады. Сондықтан келешекте Жетісу өлкесінің, жалпы қазақ халқының XVIII ғасырдағы тарихын толықтыруда Ескелді бидің ерен еңбегі ескеріліп, оның тарихи болмысы жан-жақты зерттеледі деген ойдамыз.

Ескелді би — даналықтың дарясы

«Біздің бабаларымыз ғасырлар бойы ұшқан құстың қанаты талып, жүргірген аңның тұяғы тозатын ұлан-ғайыр аумақты ғана қорғаған жоқ. Олар ұлттың болашағын, келер ұрпағын, бізді қорғады. Сан тараптан сұқтанған жат жұртқа атамекеннің қарыс қадамын да бермей, ұрпағына мирас етті. Осындай айтулы тұлғалардың бірі, сан ғасырдан бері есімі халықтың арасында аңыздай айтылып келе жатқан бабамыз Ескелді би (1692-1780) туралы аңыз-әңгімелерді тарқатуды жөн көрдік.

Абылай ханның үзеңгілесі Жетісудың атақты ақындары Сүйінбай мен Бақтыбайдың жырларына арқау болған, Абылай

ханның үзеңгілесі, ел қорғаны, халық арасында көсемдігімен, сөз бастаған шешендігімен шоқтығы биік болған Жылкелділігі Ескелді батырдың ғұмыр жолы, ерлігі бүгінгі өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге болары анық. XVIII ғасырдың жартысында қазақ даласына жасалған жоңғар шапқыншылығы халқымызға үлкен зобалаң әкелгенін тарих беттерінен жақсы білеміз. Міне, осы тұста туған жерді қорғап, жаудан тазартуда Абылайдың ақ туының астына жиналған батыр бабаларымыздың арасынан табылған Ескелді батырдың қолбасшылық қабілеті ерекше дараланған. Сонымен қатар Ескелді батыр елді соңынан ерте білген көсем, алдағы күндерді болжай білген әулие де болған деседі.

Қалың жаудан үркіп Сыр бойына көшіп, қоныс аударған сансыраған елді Жетісудағы атамекеніне қайта көшіріп әкелуде Балпық би, Қабыласа — Қабан жырау бабаларымызбен бірге Ескелді батыр да басшылық жасаған. Бір қиырдан екінші қиырға жаяу-жалпы көшпені жұрттың тартқан жоқ азабы жетерлік болды. Жол-жөнекей қарақшылық шабуылдарға ұшыраған жұртты батыр бабалардың сарбаздары қорғаған. Жер жаннаты Жетісуға атақоныстарына шаршап-шалдығып жеткен бір тайпа елді Ескелді би бастаған бабалар ақылдаса келе сонау Текеліден бастап, Балқаш көліне шейінгі аралыққа ағайындардың арасында араздық, өкпе тумас үшін шұрайлы жерлерді он екі ата жалайырларға әділеттілікпен бөліп беріпті. Бір қызығы, сан ғасыр өтсе де, әлі күнге шейін осы мекендерде Жалайыр атаның балалары тіршілік жасап, ұрпақ өсіріп, көгеріп-көктеп жатыр. Біз өткен тарихтың беттерінің бәрін қайта көшіріп жаза алмаймыз. Өйткені онда қаншама төгілген қан мен тердің тамшылары сайрап жатыр. Сол бір тайпа елді сақтап, болашақтарын болжап, жол көрсетіп кеткен Ескелді бабаның ұрпақтары қазіргі кезде Қаратал мен Көксу өзендерінің бойына қоныстанған. Егер батыр бабаның ғұмыр жолына қысқаша ден қойсақ, Ескелдінің өкесі Жылкелді жалайыр тайпасының ішіндегі берекесі мен бірлігі мол сиыршы руынан шыққан. Жанғабылдан екі ұл — Жылкелді мен Шора тараған. Жылкелді туралы мәліметтерге

сенсек, «жігіттің сұлтаны» атанған өте маңыз, ақылды жан болыпты. Ескелдінің үлкен атасы Жанғабыл батыр әйгілі Әлібекұлы Төле би мен қадірлі құда болған. Төле бидің Ұлбике деген қызы Жылкелдімен шаңырақ көтерген. Сонымен, Ұлбике — Ескелдінің анасы. Аңызға сенсек, Ескелді дүниеге келіп, Төле биден сүйінші сұрапты дейді. Сонда Төле би: «Тілекті Алла ескерді, Жалайыр еліне ес келді, Баланың аты Ескелді болсын, Елінің есіне ес қосылып, халқының қамын ойлайтын азамат болсын!» — деп батасын беріпті. Өзінің туған нағашысы Төле би тәрізді Ескелді халқына қамқор, батыр болып өсіпті. Ол бала кезінен-ақ батыл, әділетті сөйлеуімен ерекшеленген. Баланың ерекше қабілетін байқаған Төле би әлденеше рет қиын сұрақтар қойып, жауабына қанағаттанған деген де аңыз әңгімелер жетерлік.

Мысалы, туған нағашысы ауылына қонақ болып келген Ескелді бала атасына сәлем берген соң, Төле би:

— **Досың қайда, дұшпаның қайда, балам?** — деп, баланың бетіне қарапты. Сонда Ескелді сұқ саусағымен жүрегің нұсқап, тілін көрсетіпті. Одан кейін Төле би тағы да:

— **Жақсылық пен жамандықтың тұрағы қайда?** — депті. Нағашысының бұл сұрағына Ескелді бала оң иығы мен сол иығын көрсетіпті. Төле би онымен қоймай:

— Білікті адам қандай, ақымақ адам қандай? — депті. Ескелді көз алдына күн салып, алысқа қарапты. Сәлден соң көзін тарс жұмып, аяғының астына үңіліпті. Баланың жауабын сөзсіз түсінген би риза болып, алақанын жайып жіберіп, ақ батасын берген екен деген де аңыз бар.

Жетісу өңіріне есімі белгілі Ескелді би, әулиенің 300 жылдық мерейтойы 1992 жылы көңінен аталып өтті. Талдықорған қаласында ғылыми-танымдық конференция өткізіліп, Түркиядан, Монғолиядан және еліміздің түкпір-түкпірінен ғалымдар, жазушылар мен өнер қайраткерлері келіп қатысты. Қазіргі кезде Қаратал ауданында бой көтерген баба кесенесіне тәу етіп баратын адамдардың қарасы өте мол. Тұрмыс тауқыметін тартып, қиыншылық көріп, жолы болмай жүрген адамдар ата басына барып, құран бағыштап қайтады.

Ескелді би, Балпық би және Қабан жырау бабалардың, яғни үш атаның ескерткіші өткен ғасырдың шежіресін шертіп, Талдықорған қаласының үлкен көшесінің бойына орналасқан. Ескелді ауданы, ауылы, мектебі және көше атаулары бар. «Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс», — деген, әулие бабаның ғұмыр жолы жас ұрпақты отансүйгіштік қасиетке тәрбиелеуде ең жақсы құрал ретінде пайдаланылып келеді. Ескелді би, батыр баба есімі жаңа ғасырлардың төрінде мәңгі жасай бермекші. Өйткені бұл кісі батыр ғана емес, бір жағынан ақылгөй, шешен, би болған адам. Бір сөзбен айтсақ, әулие деп атанған Ескелді бабамыз ел мен жерін қорғап, сақтап қалған айтулы тұлға.

Дайындаған:
Д. ДАУРЕНҚЫЗЫ

НАВАРЛАНДЫРУ
«Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде округ тұрғындарына өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы орналасқан. Округ тұрғындары интернет желілері қосылған компьютерлердің көмегі арқылы өздеріне керекті анықтамалар мен электронды қызметтерді өз беттерінше ала алады.

Атап айтсақ, өзіне-өзі қызмет көрсету секторындағы ең көп алатын қызметтерге ЭЦҚ (электронды цифрлы қолтаңба) рәсімдеу, ЭЦҚ мерзімін ұзарту, соттылықтың болуы болмауы туралы наркологиялық және психоневрологиялық диспансерлердің есебінде болмау туралы, мекенжай бойынша тіркеуге тұру, тіркеуден шығару, емханаға тіркелу, медициналық сақтандыру, некеге тұру, жеке басында мүліктің тіркелуі, тіркелмеуі, мүмкіншілігі шектеулі азаматтар, көпбалалы аналар үй кезегіне тұру, балаларға жәрдемақылар тағайындау, зейнетақы жинақтары туралы және тағы басқа анықтамаларды электронды, жылдам және тегін алуға болады.

Қосымша сұрақтарыңыз болса, тел: (872836) 3-17-06, 87078787573. Ауылдық округ әкімінің аппараты қызметкерлері округ тұрғындарына көмектерін көрсетуге әрқашан дайын.

Сонымен қоса, «Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтар алу» мемлекеттік қызметін көрсету, «Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру» мемлекеттік қызметін көрсету, Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеу арқылы сату» мемлекеттік қызметін көрсету бойынша мемлекеттік қызметтер және т.б. көрсетіледі.

«Қарабұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ

В государственном учреждении «Аппарат акима Карабулакского сельского округа Ескельдинского района» расположен уголок самообслуживания для населения округа. Жители округа могут самостоятельно получить необходимые им справки и электронные услуги с помощью компьютеров, подключенных к сети интернет.

В частности, наиболее распространенными услугами в сфере самообслуживания являются ЭЦП (ЭЦП), продление ЭЦП, наркологическая и психоневрологическая экспертиза, отсутствие регистрации в диспансерах, регистрация по адресу, снятие с учета, регистрация в поликлинике, Информацию о медицинском страховании, заключении брака, регистрации личного имущества, граждане с инвалидностью, многодетные матери могут быстро и бесплатно получить в электронном виде информацию об очередях на дом, детских пособиях, пенсионных накоплениях и многом другом.

Если у вас есть дополнительные вопросы, тел: (872836) 3-17-06, 87078787573. Сотрудники аппарата акима сельского округа всегда готовы оказать помощь жителям округа.

Кроме того, оказываются государственные услуги по оказанию государственной услуги» приобретение прав на земельные участки, которые находятся в государственной собственности, не требующее проведения торгов (конкурсов, аукционов), государственной услуги» Выдача решения на изменение целевого назначения земельного участка», «Продажа земельного участка в частную собственность единовременно либо в рассрочку»».

ГУ «Аппарат акима Карабулакского сельского округа»



ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасында



Қ а з а қ с т а н Республикасының с ы б а й л а с жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасында - сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру, парасаттылық идеологиясын және сыбайлас жемқорлыққа «мүлдем төзбеушілікті» ілгерілету мәселесіне сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл әдістерін өзгертудің ең қажетті тұжырымдамалық негізі, қоғамда

парасаттылық идеологиясын әзірлеу және тарату болуы тиіс. Адамның өмірінің немесе ойлауының негізгі тұжырымдамасын өзгерту арқылы қоғамдық қатынастарға сыбайлас жемқорлықсыз өмірдің жаңа стандарттары мен үлгілері енгізіледі. Жаңа парасатты қоғамда, сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне төзімділік нөлге дейін төмендейді. Бұл әр азаматтың ішкі сенімі, оның ойлауының негізі болады, осылайша оның мінез-құлқы мен өмір салтын өзгерттеді. Парасаттылықты енгізу мен дамытудың негізгі құрамдас бөлігі сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет болып табылады. Дәл осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің дамуы адамның санасында сыбайлас жемқорлық бұл - өз мемлекетінің болашағына қауіп, өскелең ұрпақ арасындағы бәсекелестікке кедергі екенін түсінуді қамтамасыз етеді.

ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМДІКТЕН САҚТАНАЙЫҚ

Діни экстремизм - бұл мемлекеттік жүйені күшпен өзгертуге немесе билікті күшпен басып алуға, мемлекеттің егемендігі мен аумақтық тұтастығын бұзуға, сонымен қатар осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін діни араздық пен өшпенділікті қоздыруға бағытталған діни мотивті немесе діни камуфляжды әрекет. Діни экстремизм – бұл зорлық-зомбылыққа, аса қатыгездік пен агрессивтілікке негізделген діни догматика.

Діни экстремизмді жеңу үшін қарсы әрекет етудің әр түрлі формаларын қолдануға болады: саяси, әлеуметтанулық, психологиялық, ақпараттық және басқалар.

Осы себепті бұқаралық ақпарат құралдарында, мектептер мен жоғары оқу орындарында діни фанатизм мен экстремизмнің антигуманистік сипатын ашып, фанатизмге негізделген идеология мен практиканың утопиялық сипатын және деструктивтілігін айшықтайтын түсіндіру жұмыстарын жүргізу – діни экстремизм профилактикасының ең негізгі құралы. Аталмыш бағытта жат ағымға түспеудің алдын алып, орасан зор еңбек етіп отырған – Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы мен дін істері басқармасы теологтары.

Діни экстремизм себептерінің бірі – шовинизм, ксенофобия, өзге пікірге төзімсіздік сияқты дүниелерге алып келетін интеллектуалды соқырлық пен надандық. Сондықтан, бұл мәселеге, ең алдымен, интеллектуалдық деңгейде қарсы тұру қажет.

Қазақстан Республикасының Конституциясы әрбір азаматтың ар-ожданы мен сенім бостандығын қорғауды мақсат етеді. Дегенмен, сенім бостандығына толық мүмкіндік беретін зайырлық принциптері діни салада экстремистік идеологияға негіз болатын теріс діни догмалар мен деструктивті ағымдардың да еркін жұмыс жасауына әкеп соқты.

Діни мотивке негізделген экстремизм жаһандық деңгейдегі өзекті мәселе болғаны себепті әрбір діни әдебиетпен таныспас бұрын, оның авторларымен және деструктивті ағымдарға қатысы бар-жоғын анықтап алуымыз керек. Сондай-ақ, өзімізді және жақындарымызды жат ағымның арбауынан сақтау үшін Қазақстан заңнамасына сәйкес миссионерлік лицензиясы бар тұлғаларға ғана құлақ түргеніміз абзал.

«Қарабұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сі

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ - ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ПЕН ҚОҒАМДЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚқа ТӨНГЕН ҚАТЕР

Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына қосылу стратегиясында көрсетілгендей сыбайлас жемқорлық - ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тұрақтылыққа төнген қатер. Сондықтан жемқорлықпен күрес жалпы барша халықтың борышы.

кеңейтілген жиналыс барысында қарамағындағы қызметшілердің сыбайлас жемқорлық әрекеттері үшін бірінші басшылардың жауапкершілікке тартылу мәселесін ерекше атап өткені баршамызға мәлім.

Сыбайлас жемқорлық - заманмен бірге жасап, небір тегеурінді қарсылықтарға қарамай, қайда мол қаражат, пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кесел. Басқа елдер сияқты, біздің қазіргі мемлекетімізді де айналып өткен жоқ. Азаматтардың сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі әр түрлі. Оған ең алдымен азаматтардың білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуының әсері де бар. Кей азаматтардың құқық бұзушылыққа немқұрайлық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне әкеп соқтыруда. Заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Ол үшін ел болып, ат салысып, қарсы күресуіміз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

Қоғамды жегідей жел жатқан қауіпті індетпен баршамыз бір кісідей атсалысып, күресуіміз қажет.
Қ. САТАНОВ,
Мәслихат төрағасы

Елімізде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау мақсатында қарқынды жұмыс жүргізіліп келеді. Сыбайлас жемқорлық қарсы күрес туралы заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық кәсіпкерлерінің туындайтын қауіп-қатерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, мемлекеттік функцияларды орындайтын мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғалар және оларға теңестірілген тұлғалардың тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған.

Мемлекеттік органдарында сыбайлас жемқорлыққа көріністерін шектеуге бағытталған іс-шаралар жоспары әзірленіп, тиімді жүзеге асырылуда. Жоспарланған іс-шараларды іске асыру қылмыстық шабуылдан азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте мемлекеттік органдар мен қоғамның белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы сұрақтарына қатысты бұрынғы жылдары өткізген

ЕР ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ

Кеңес Одағының Батыры Матай Байысовтың туғанына 120 жыл толуына орай

«Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе, Ел тегі қайдан табар кемеңгерді»
Лияс Жансүгіров

Совет Одағының Батыры атағы берілді. 1944 жылғы 15 қаңтарда шыққан «Социалистік Қазақстан газетіне» «Правда» газетінің 12 қаңтарда шыққан «Қызыл Армия- батырлар армиясы» атты мақаласы жарияланды. Ол мақалада Матай Байысов ерлігі туралы былай жазған: «Советтер Союзының Батыры Матай Байсов қатардағы қызыл әскер неше сағат бойына жаудың үздіксіз жасаған атакасын тойтарып, өз батальонының алға басуына көмектесті. Ол 40-тан аса немісті өлтірді. Қатты ұрыста расчет командирі көздеуші өлген кезде, ол үш адамның жұмысын өзі атқарып, ұрыс жүргізе берді. Антонов пен Бутенко орыс, Байсов – қазақ, Әбдіршин- татар. Бұлардың бәрі майданда бауырлар. Отанымыздың адал ұлдары. Байсов- партия мүшесі. Советтер Союзының жаңа батырларының жарияланып отырған бүкіл тізіміндегі адамдардың бәрі де, осындай адамдар. Мұндай жауынгерлерді шығарған елді ешбір жау жеңе алмайды!»



жоқтатпай, бар мүмкіндігінді бала-ларды бағып-қағып, аман өсіруге бағыштайсың,- деп тапсырған екен. Анасы Мырзабала баласының қазасын көтере алмай, 1945жылы қайтыс болған.

1973 жылы украиндықтардың арнайы шақыруымен Матай Байысовтың отбасымен Черняховка селосына Жеңіс күні қарсаңында барды. Днепрдің бойындағы селосына ТМД-ның түкпір түкпірінен жүздеген адам жиналады. Биік қыратта тұрған бауырластар зиратына әжелер, аталар балалар қол ұстасып бара жатады. «Бұл бауырластар зиратында Днепрді алу кезінде мерт болған 375 Отан жауынгерлері жатыр» деген жазу бар. Олардың ішінде қазақ – Кеңес Одағының батыры қазақ халқының даңқты ұлы Матай Байысовтың да есімі бар. 1973 жылы украиндықтардың арнайы шақыруымен жары Ұлбала апа балаларын алып, зират басына барып, гүл шоғын қойып, елден әкелген бір ұс топтарына салып, бас иіп қайтқан. Көксу қант зауытына арнайы тапсырыспен қанттан жасатқан Матай Байысовтың мүсінін Черняхов селосындағы мектепке тарту еткен

Матай Байысов 1903 жылы Шымыр ауылында дүниеге келген. «Батырақ» ауылының бастауыш мектебін бітіріп, түрлі жұмыстар істеді. Талдықорған ауданында комсомол ұйымының хатшысы болды. Одан кейін «Батырақ» колхозының бастығы болып қызмет атқарды. 1934-1936 жылдары Қоғалы ауданындағы «Баскөпір колхозының» председателі, 1936 жылы «Қарғалы» мақта-мата комбинатының директоры болды. 1937 жылы Көксу ауылшаруашылық техникумын бітірді. 1940 жылы бір жылдық Алматы қаласындағы СХИ-дің курсы бітірген соң, Талдықорған қаласының жөндеу зауытының директоры болып тағайындалды. Партия ұйымының мүшесі болды. МТС-тің партия ұйымының хатшысы болып жұмыс істеді. 1940 жылы коммунистік партия қатарына қабылданды.

Бұл құнды, сарғайған, үлбіреп жұқарған ескі газет пен Матай Байысов қаза тапқан соң «Кеңес Одағының Батыры» атағын бергені туралы құжатты ұрпақтары кезінде сақтап отыр. Ал, берілген «Алтын жұлдыз ордені», партия билеті Мәскеу қаласында орталық музейге қойылған. Кеңес Одағының Батыры М.Байысов «Богдан Хмельницкий», «Кутузов», «Суворов» және ондаған медальдар мен «Ленин» орденімен марапатталған. Балалары бірнеше рет мұражайдан атаңың наградаларын сұраған екен, бірақ мұражай қызметкерлері: «туыстары тұрмақ, Алматыдағы жоғарғы органдар сұрағанда да бермегенбіз» - деп, беруден бас тартты. Матай Байысов соғыстан бірнеше рет хат жазған. Сол үшбу хаттардың соңғы екеуі ғана сақталыпты. Хаттар латын әріптерімен жазылған.

Сол хаттардың көшірмесі:

Амандық хат.

Матайдан Ұлбалаға. Қалы аман есенсіңдер ме? Балалардың дені-қарны сау ма? Апам ауру сырқаудан сау ма? Мен алты рет хат жаздым. Сендерден бір рет те хат алмадым. Менен хал- жай білмек болсаң, аман есен денсаулықтың арқасында Отанымызды қорғау жолында қызмет етіп жатырмын. Колхоздан жәрдем алдың ба? Салықтан босатты ма? Қайыр қош. Осыларды айтып хат жаз.

Матай.1-март 1943.

Матай Байысовтың соңғы хаты:

Киевтің батыс жағында 12 шақырым жерде тұрмыз. Бұл өзі бүкіл жұртқа әйгілі ұрыс болайын деп тұр. Бұдан тірі қалу қалмауымыз екі талай. Алдыма қойған Отан тапсырмасын орындауға дайындалып жатырмын. Ұрыстан аман шықсам елге барып қайтамын. 1943 жыл, қараша.

1942 жылы әскерге аттанарда М.Байысов анасы мен жарына: - Ел басына күн туып жатқанда қайғылы қаза көбейіп кеткенін екеуің де білесіңдер. Егер мен де сондайға душар болсам, екеуің атқан оғынан омақаса құлады. Немістер танкілердің соңынан дүркірей қашты. Фашистерді үдере қуу кезінде пулеметші фашистердің ондаған солдаттарын жер жастандырып, батальонның өзеннің арғы бетіне жылдам етіп, дұшпанға күйрете соққы беруіне жол ашып, бірнеше күншілік қанды қырғынның соңында 1943 жылы 11 қарашада Байысов Матай Киев бірнеше күншілік қанды қырғынның Обухов ауданы (қазіргі Кагарлык ауданы) Черняхов селосы маңында қаза табады.

Матай Байысовқа 1944 жылы 10 қаңтарда СССР Жоғарғы Советінің Указымен



Ұлбала апа Украина. Мектеп ұжымымен

«БЖЗҚ ТУРАЛЫ ӨЗЕКТИ САУАЛДАР» БЖЗҚ ӨЗЕКТИ САУАЛДАРҒА ЖАУАП БЕРЕДІ



1.Зейнетақы шотынан үзінді көшірмеде аударымдар сомасы 2013 жылдан басталады. Ал оған дейінгі жылдарда жасалған аударымдар туралы ақпаратты қалай алуға болады?

БЖЗҚ 2013 жылы Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорының («МЖЗҚ» ЖЗҚ» АҚ) базасында құрылды. Барлық жеке қорлардың зейнетақы активтері мен міндеттемелері БЖЗҚ-ға берілді. Жеке зейнетақы шотынан (бұдан әрі - ЖЗШ) үзінді көшірме алу - бұл салымшылардың (алушылардың) заңмен бекітілген құқығы. ЖЗШ ашылған жеке тұлғаға оның сұранысы бойынша ЖЗШ ашылған күннен бастап кез келген сұрау салынған күнге зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты БЖЗҚ ақысыз беруге, сондай-ақ, оның зейнетақы жинақтары туралы ақпаратқа қол жеткізудің электрондық және өзге де тәсілдерін қамтамасыз етуге міндетті.

Сіз өзіңіздің зейнетақы жинақтарыңыздың жай-күйі туралы төмендегі әдістер арқылы біле аласыз:

- электрондық;
- БЖЗҚ сайтындағы немесе ұялы қосымшасындағы не электрондық үкімет порталындағы (egov.kz) Жеке кабинет арқылы электрондық цифрлық қолтаңбаны немесе пайдаланушының логині мен паролін пайдалана отырып;
- БЖЗҚ-ға ұсынылған электрондық пошта мекенжайы арқылы;
- тікелей БЖЗҚ кеңсесіне өзі келіп өтініш жасаған кезде;
- пошта байланысы қызметтері арқылы.

ЖЗШ-дан үзінді-көшірме БЖЗҚ-да ЖЗШ ашылғанға дейінгі кезеңге қалыптастырылған жағдайда, ЖЗШ-дан үзінді-көшірмеге БЖЗҚ-ға мәліметтерді берген «сонғы» жинақтаушы зейнетақы қоры ұсынған зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат қоса беріледі.

Қажет болған жағдайда БЖЗҚ 2013 жылға дейінгі ақпаратты бере алады. Ол үшін enrf@enrf.kz электрондық поштасы арқылы жазбаша сұраныс жолдауға немесе тұрғылықты жері бойынша БЖЗҚ бөлімшесіне сұратылған ақпарат пен қажетті кезеңді көрсете отырып өтініш жасауға кеңес береміз. Құжат Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіп пен мерзім ішінде берілетін болады.

2.Басқа елде тұрақты тұруға өтініш берген адам зейнетақы жинақтарын жақын туыстарына бере алады ма??

Елден тысқары жерлерге тұрақты тұруға кететін немесе кеткен БЖЗҚ салымшыларының зейнетақы жинақтарын алу мүмкіндігі бар екенін ескертеміз. Тек ол азаматтарға ҚР Ішкі істер органдары арқылы тұрақты тұруға кетуді рәсімдеп, БЖЗҚ-ға құжаттар топтамасын ұсыну керек. Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кетуге байланысты БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алу құқығына ҚР шегінен тыс тұрақты тұруға кеткен, БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар және ҚР заңнамасына сәйкес құжаттарды толық ұсынған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар:

- міндетті және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен –

кету дерегін растайтын құжаттарды ұсынған кезде.

• ерікті зейнетақы жарналары есебінен – шығу ниетін немесе дерегін растайтын құжаттарды ұсынған кезде ие бола алады.

Азаматтар зейнетақы жинақтарын алу мүмкіндігіне тұрақты тұруға кетуді тиісті түрде рәсімдеген және басқа елдің шетелдік төлқұжатына ие болған жағдайда ғана қол жеткізеді.

БЖЗҚ-ға құжаттар тапсырудың 3 тәсілі бар:

1. Сіз БЖЗҚ кеңсесіне шетелдік төлқұжатпен және банктік шот туралы мәліметтермен өзіңіз жүгіне аласыз.

2. БЖЗҚ кеңсесіне құжаттар топтамасымен Сіздің өкіліңіз (сенімді тұлға) жүгіне алады. Өзімен бірге: Сіздің шетелдік төлқұжатыңыздың немесе азаматтығы жоқ адам ретіндегі куәлігіңіздің нотариалды куәландырылған көшірмесі; өкілдің (сенім білдірілген тұлғаның) жеке басын куәландыратын құжат; нотариалды куәландырылған сенімхат; сіздің банктік шотыңыз туралы мәліметтер болуы тиіс.

3. Қажетті құжаттарды пошта арқылы жіберсеңіз болады. Құжаттар тізімі: нотариалды куәландырылған қолы бар зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш; шетелдік төлқұжаттың немесе азаматтығы жоқ адам куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесі; банк шоты туралы мәліметтер. Жиналған құжаттар топтамасын БЖЗҚ-ның облыстық (өңірлік) филиалдарының бірінің пошталық мекенжайына жіберуге болады.

Зейнетақы жинақтарын төлеу тек алушының банктік шотына, оның ішінде зейнетақы төлемдерін алушы әрекетке қабілетсіз/әркет қабілеті шектеулі кәмілетке толған тұлға болған жағдайда ғана жүзеге асырылатындығына назар аударамыз. Зейнетақы жинақтарын өкілдің (қорғаншының/қамқоршысының), сондай-ақ, сенім білдірілген тұлғаның банк шотына төлеуге жол берілмейді. Осылайша, басқа елде тұрақты тұруға өтініш берген адам өзінің зейнетақы жинақтарын жақын туыстарына бере алмайды.

3.Қазақстанда тұруға ықтиярхаты бар азаматтар зейнетақы аударымдарын жасай ала ма?

ҚР «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 2-бабына сәйкес, егер басқа заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар зейнетақымен қамсыздандыру құқығын Қазақстан Республикасының азаматтарымен тең пайдаланады.

ҚР «Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы» Заңының 1-бабы 1-тармағының 14) тармақшасында шетелдіктің Қазақстан Республикасының аумағында жеке басын куәландыратын және оның Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алғанын растайтын құжат шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты болып айқындалған.

Демек, шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхаты

бар шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың, егер заңда өзгеше көзделмесе, БЖЗҚ-ға зейнетақы жарналарын Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде аудару жолымен, Қазақстан Республикасының азаматтары сияқты өздерінің зейнетақы құқықтарын қалыптастыруға толыққанды құқықтары бар.

4.Маған ота жасалғаннан кейін 2 топ мүгедектігі берілді. Мүгедектік маған 5 жылға тағайындалды. Зейнетақы төлемін зейнет жасына толғанға дейін ала аламын ба? 1 және 2 топтағы мүгедектік бойынша зейнетақы қалай тағайындалады?

ҚР «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңында 1 немесе 2 топтағы мүгедектігі бар жеке тұлғалардың МЗЖ және/немесе МКЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін мүгедектік тобы мен оның мерзіміне қарамастан алуға болатынын атап өтеміз.

Барлық қажетті құжаттардың өзекті тізбесі БЖЗҚ-ға құжаттарды тапсыру тәсіліне байланысты БЖЗҚ-ның enrf.kz корпоративтік веб-сайтындағы «Қызметтер» – «Алушыларға» бөлімінде орналастырылған.

5. Менің тіркелген және тұрғылықты мекенжайым өзгерді. Оны БЖЗҚ жүйесінде қалай өзектендіруге болады?

Заңнамада салымшы (алушы) БЖЗҚ-ға өз міндеттемелерін орындауға әсер ететін барлық өзгерістер туралы 10 күнтізбелік күн ішінде хабарлауға міндетті деп көзделген.

БЖЗҚ-ның өз міндеттемелерін орындауға әсер ететін өзгерістерге, егер хабарлама беру кезінде осы мекенжайлар пайдаланылса, салымшының (алушының) тұрғылықты мекенжайының, электрондық мекенжайдың (e-mail) өзгеруі жатады.

Өзгерістерді төмендегі әдістер арқылы жүзеге асыруға болады:

- БЖЗҚ сайтындағы немесе ұялы қосымшасындағы Жеке кабинет арқылы электрондық цифрлық қолтаңбаны, электрондық қызметке QR-қол қоюды немесе пайдаланушының логині мен паролін пайдалана отырып;

- БЖЗҚ кеңсесіне тікелей жеке өтініш жасаған кезде;

- «Қазпошта» АҚ бөлімшелеріне өзі келіп жүгінген кезде. «Қазпошта» АҚ бөлімшелерінің тізімі enrf.kz сайтындағы «Қызметтер» – «Қазпошта «АҚ-мен ынтымақтастық» бөлімінде орналастырылған.

ЖІТІ ІШЕК ЖҰҚПАЛАРЫН АЛДЫН АЛУ

Жіті ішек жұқпалары бүкіл әлемде кең таралған және ересектер мен балаларға әсер етеді.

Жедел ішек инфекциялары - бұл әртүрлі микроорганизмдер (бактериялар, вирустар) қоздыратын, ас қорыту жүйесінің бұзылуымен белгілерімен көрінетін жұқпалы аурулар тобы.

Жылы климаттың микроорганизмдердің көбеюіне қолайлы әсерінің арқасында, әсіресе, жаз мезгілінде ішектің өткір инфекциясы жиі кездеседі. Осы кезеңде судың, топырақтың, тағамның жіті ішек инфекцияларының қоздырғыштарымен инфекция деңгейінің күрт өсуі байқалады. Балалар әсіресе жылы мезгілде ішек инфекцияларына сезімтал. Бұл қорғаныш факторларының белсенділігінің төмендігімен, сондай-ақ балаларда қалыптасқан гигиеналық дағдылардың болмауымен байланысты. Жедел ішек инфекцияларының барлық дерлік қоздырғыштары өте төзімді. Мысалы, паратиф пен іш сүзегінің қоздырғыштары сүтте өміршеңдігін 2 айдан астам, суда одан да ұзақ сақтайды.

Жедел ішек инфекцияларының түрлері:

- бактериялы: сальмонеллез, дизентерия, иерсиниоз, эшерихиоз, кампилобактериоз; Pseudomonas aeruginosa, Clostridia, Klebsiella, Proteus туындатқан жедел ішек инфекциясы; стафилококты тамақтан улану, іш сүзегі, тырысқақ, ботулизм және басқалары
- АЕІ вирустық этиологиясы: ротавирус, энтеровирус, коронавирус, аденовирус, реовирус инфекциясы
- саңырауқұлақты ішек инфекциялары (әдетте Candida тектес саңырауқұлақтар)
- протозойлы ішек инфекциялары (лямблиоз, амебиаз) - өте ауыр клиникалық симптомдармен сипатталады.

Инфекция көзі кім?

Инфекцияның негізгі көзі - ауру адам және ластанған өнімдер.

Инфекция жолдары:
Бактериялар адам ағзасына ауызбен, тамақпен, сумен бірге немесе кір қолмен енеді. Мысалы, дизентерия ағын суын, қайнатылмаған сүтті ішкенде басталуы мүмкін; E. coli азаға мерзімі өтіп кеткен ашыған сүт өнімімен ене алады; Сальмонеллезді жұқтырған тауық пен жұмыртқа сияқты ластанған тағамдарды, нашар жуылған көкөністер мен шөптерді жеу арқылы жұқтыруға болады.

Инфекция механизмі.
Микроорганизмдердің адам ағзасына енуінің негізгі механизмі алиментарлы болып табылады, бірақ вирустық инфекцияға ауа арқылы жұғу әдісі де тән.

Трансфер факторлары:

- Азық-түлік өнімдері, тұрмыстық заттар, ашық суда жүзу (инфекцияға байланысты). Кейбір жұқпалардың таралуында жәндіктер (тарақандар, шыбындар) маңызды рөл атқарады.
- антисанитариялық жағдайлар
- Жеке гигиена ережелерін сақтамау
- Ішек инфекцияларына ең сезімтал:
- 5 жасқа дейінгі балалар
- қарт адамдар
- Асқазан-ішек жолдарының аурулары бар адамдар
- Алкоголизммен ауыратын адамдар
- Иммундық жүйесі әлсіз адамдар.
- Инкубациялық кезең орта есеппен 6 сағаттан 2 күнге дейін созылады.

Алдын алу шаралары:
Ішек инфекцияларының пайда болуының алдын алу үшін тағамдық азық-түліктердің сапасы өте маңызды – көптеген тағамдарда бактериялар тек қана өміршеңдігін сақтап қана қоймай, олар ауру тудырушы адамның қолымен тағамды ауызына апарғанда асқазан-ішек жолына кір қолы арқылы, ластанған су арқылы, сапасыз азық-түліктер арқылы түсіп қарқынды түрде көбейеді.

Әсіресе, тұтынар алдында термиялық өңдеуден өтпемейтін тағамдар өте қауіпті. Ондай тағамдарға салаттар, винегреттер, сондай-ақ жемістер мен жидектер жатады. Салаттар мен винегреттерді, әртүрлі тұздықтар мен гарнирлерді тоңазытқыштың түнге қалдыруға болмайды. Жаз және күз маусымында сүт және сүт өнімдерінде бактериялардың көбеюіне қолайлы жағдайлардың туындайтынын білу керек. Жеке адамдардан сатып алған құйылып сатылатын сүтті міндетті түрде қайнату керек. Ал пастерленген ірімшіктен пісірмелер, пудингтер, сырныктер дайындаған дұрыс. Дайын тағам қалдықтарын міндетті түрде тоңазытқышта бөт жабық ыдыста, шикі мен дайын тағамды бөлек ыдыста сақтау керек, оларды бөлек тақтайларда арнайы пышақтармен бөлу керек.

**Е. СЕЙСЕМБИНОВ,
Ескелді аудандық
СЭББ басшысы**

ТЫРЫСҚАҚ ҚАУІПІ



Холера - (тырысқақ) аса қауіпті жұқпалы ауру. Тырысқақ ауруының қоздырғыштары өте ұсақ үтір белгісі тәрізді болуымен байланысты вибрион деген ат берілген.

Тырысқақ ауруының екі түрі анықталды. Бірінші түрі негізгі азиялық тырысқақ (классическая азиатская холера), екінші түрі Эль-Тор тырысқағы (холера Эль-Тор). Аурудың екі түрінің көзге көрінерлік айырмашылығы жоқ, адам өміріне қауіпі бірдей деуге болады: Тырысқақ қоздырғышы ұзақ мерзімге дейін адам денесінен сырт жерлерде өмір сүруі мүмкін. Қоздырғышы ашық су қоймалары мен теңіз суында

бірнеше айға дейін, қайнамаған суда 25 күнге, қайнаған суда 37 күнге дейін тіршілігін жоймайды. Әсіресе иірім суда, монша суы жиналған жерде 106 күнге дейін өмір сүреді. Ылғалды б а у - б а қ ш а д а а ғ ы топырақта 75 күнге дейін тіршілік қабілетін жоймайды. Ауру адамның нәжісі тиген іш киім бедерінде бірнеше аптаға дейін өмір тіршілігін жоймайды. Тырысқақ қоздырғыштары көкөніс-жеміс тағамдарында 7 күн, сары май, сүт, балмұздақта 14 күн, сүзбе, шикі етте 7 күн, тұздалған етте 21 күн, нанның қабығында 7 күнге дейін тіршілік қабілетін жоймайды.

Дезинфекциялық дәрілерге тырысқақ қоздырғышы өте сезімтал келеді. Тырысқақ қоздырғышы ауру адамнан сау адамға әртүрлі жолмен жұғады. Тырысқақпен ауырған адам әлінің бар уақытында лас қолмен азық-түлікке араласып тағам дайындаса, үй мүлкіне ұстаса қоздырғыштар адамның асқазанына түсуіне үлкен жағдай туады. Әсіресе ауру адамды күтушіге ауру қауіпі зор. Тырысқақ осымен қатар, сау адамға осы аурудың қоздырғышы түскен су арқылы да, көкөніс, жеміс тағамдары арқылы да жұғады. Дайын тағамдарды шыбын арқылы тырысқақ қоздырғышымен ластанатынын әр уақытта есте ұстау керек. Қоздырғыш адам денесіне кейін аурудың алғашқы белгісі білінгенше бірнеше күн өтеді (аурудың астыртын мерзімінің ұзақтығы бірнеше сағаттан 6 күнге дейін). Аурудың алғашқы белгісі жиі-жиі іш өтіп, құсу, нәжістің сұйылып, бірте-бірте табиғи түсін жоғалтуынан басталады. Аз уақыттың ішінде нәжіс түсі мүлде өзгеріп, күріш суына ұқсайды. Науқас бірте-бірте әлсізденіп, басы айналып, аяқ-қолының бұлшық еттері тартылып, денесі қалшылдайды. Өрдайым ауру адамның дене қызуы төмендейді.

Тырысқақтың алдын алу инфекцияның алдын-алудан, суды залалсыздандыру, қолды жуу, тамақ пісіру, ортақ заттарды залалсыздандыру сияқты санитарлық-гигиеналық шараларды сақтаудан тұрады. Арнайы профилактика тырысқақ вакцинасын және холероген-токсоидты енгізуден тұрады (3-6 айға жарамды).

**Е. СЕЙСЕМБИНОВ
Ескелді аудандық
СЭББ басшысы**



ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС - ӘРБІР САНАЛЫ АЗАМАТТЫҢ ПАРЫЗЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Сыбайлас жемқорлықпен жан-жақты күресу мәселесі күн тәртібінен түскен жоқ» деген болатын.

Бұл мәселе Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық. Жемқорлықпен күрес әрбір саналы азаматтың парызы деп білемін.

Елімізде осы мәселеге арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан жұмыстар да баршылық, бірақ бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ. Осы орайда Ескелді ауданының білім бөлімі де өз үлестерін қосу мақсатында ауқымды жұмыс атқару үстінде. Ата-бабамыздың «Ел болам десең, бесіңді түзе...» деген сөзін өзімізге ұран ретінде алып, білім саласындағы оқушыларымыздың қоғамға, Отанға деген сезімдерін ояту мақсатында «Жемқорлыққа қарсы күрес» атты онкүндік жоспары құрылып, іске асуда. Атап айтсам: мектеп оқушылар арасында «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!» тақырыбында 9-11 сынып оқушылар арасында эссе байқауы өткізілді. «Жемқорлыққа жол жоқ!» атты чөлленджи, «Адал Ұрпақ» слеті»Адал ұрпақ- ұлт болашағының кепілі» тақырыбында дарынды балалар арасында сурет байқауы, спорттық жарыстар,сонымен қатар 2023 жылдың 16мамыры күні сағат 11- де бйрыңғай сынып сағаттар жоспарланып өз деңгейінде өтті. Яғни, бұл мемлекеттік осы жағымсыз құбылысты жою бағытындағы кешенді және жүйелі күрес жүргізу саясаты жанданып, әрі қарай жалғасын табатыны мәлім.

Осы орайда, тек оқушылармен ғана емес ата-аналармен де жұмыс назардан тыс қалмады. Ата-аналармен кездесулер, дөңгелек үстел, спорттық жарыстар ұйымдастырылды. Ашық есік күндері, кітаптар көрмесі, мұғалімдермен жұмыс «Сыбайлас жемқорлық, парақорлық» сөздерінің мағынасы мен «Сыбайлас жемқорлық» әсіресе мемлекеттік билік органдарында, экономикаға қауіпті екенін түсіндіру мақсатында «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» тақырыбында мектеп кітапханасында көрме ұйымдастырылды, сонымен қатар арнайы кітапшалар жасалып, жұртшылыққа таратылды.

Жоспарланған іс-шараларды аудандық білім бөлімінің қызметкерлері жұмыла көтеріп, ойдағыдай атқарып шықты.

Осы аталған іс-шаралар әлеуметтік желілерге салынып, барша жұртқа таратылып отырғанын да зор қуанышпен айтқым келеді.

Қорыта келе, көз-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылатынын ескерген жөн екенін атап айтсам.

Сыбайлас- жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын зұлымдық запал, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да, Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу негізгі шарт болып табылатыны айқын.

Менің ойымша ертеңгі болашағы үшін алаңдайтын әрбір саналы азамат жемқорлықты ауыздықтау ісінде өзінің жеке үлесін қосқаны абзал.

**М.БЕКТУРОВ,
«Жетісу облысы Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы**

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ – ЭКОНОМИКАНЫҢ МАҢЫЗДЫ САЛАСЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің отырысында ауыл шаруашылығында көптеп жиналған мәселелерге үкімет пен әкімдердің, сондай-ақ тұрғындардың назарын аударды. «Ауыл шаруашылығына ерекше назар аудару керек. Соңғы жылы елімізде құрғақшылық болды. Былтырға қарағанда жиналған астық көлемі 4 миллион тоннаға кеміді. Бұл шикізатпен және жемшөппен қамтамасыз ету ісіне әсер етті. Болжам бойынша алдағы жылдары да ахуал күрделі болуы мүмкін. Үкімет тұқымымен, жемшөппен, тұянтайқышып қамтамасыз ету мәселелерін және егін егу науқанын қатаң бақылауда ұстауға тиіс. Субсидияны тұрақты беруге қатысты мәселе жиі көтеріледі», – деді Президент.

Субсидиялау тәсілдерін қайта қарау қажеттігі туралы тапсырма бергенін қайта еске салып, «бұл жұмыс қысқа мерзім ішінде атқарылуға тиіс» деп ескертті. «Біз субсидия алушы жеңілдетуге, оның қолжетімді болуын және ашықтығын қамтамасыз етуге тиіспіз. Алдағы үш жылда азық-түлік қауіпсіздігі мәселесін түбегейлі шешу қажет. Бұл үкімет пен әкімдердің алдында тұрған негізгі басымдық екеніне айрықша назар аударамын. Егер

нарықта азық-түлік тауарлары мол болмаса, инфляцияны ұстап тұруға ешқандай шара көмектеспейді», – деді Мемлекет басшысы. Бүгінгі күні ауыл шаруашылығы мемлекет қолдауына мұқтаж салалар қатарына жатады. Құбылмалы климат жағдайларына, аумалы-төкпелі ауа райына тәуелділік, қуаңшылық жайлаған өңірлердің ұлғайып, «дамалсыз сұлу бетін жауын жуатын» өлкелер қатарының азаюы аграрлық экономика ахуалына әсер етпей қоймауда. Бұл үрдіс жаһандық жылынудың жағымсыз салдарлары айқын сезіле бастаған соңғы бір-екі жылда бедерлене байқалауда. Кезінде бүкіл Кеңестер Одағын асыраған Қазақстан диқандары мен шопандары тәуелсіздік жылдары да билік назарынан шетқалмай қалған жоқ. Орда бұзарлық отыз жыл ішінде саланы дамытып, ауылды көркейтуге бағытталған тоғыз мемлекеттік бағдарлама қабылданды. Алайда, осы орайда, Президент Қ.Тоқаевтың тілге тиек етіліп отырған сөзіндегі мемлекет көмегі, түрлі субсидиялар мақсатқа сай, орнымен пайдаланылып келді ме деген сауал туындайды. Осы түйткіл турасында Президент Қ.Тоқаев Парламент Мәжілісінің отырысында «соңғы жылы елімізде құрғақшылық болды. Былтырға қарағанда жиналған астық көлемі 4 миллион тоннаға кеміді» деп, мәселенің мәнісін бүкпеліс жайып салып, «жуырда болған заңбұзушылықтардың

қайталануына жол бермеу маңызды» екеніне тоқталды. Бұл үшін қаржы үйлестірушілер мен субсидия таратушылардың жауапкершілігін көтеру, ең бастысы, құқық қорғау орындарының бақылауын қатаңдау керек, әйтпесе «баяғы жартас – сол жартас» күйінде қала ма деген қауіп бар. Мемлекет басшысы айтқандай, «егер нарықта азық-түлік тауарлары мол болмаса, инфляцияны ұстап тұруға ешқандай шара көмектеспейді». Сонымен қатар азық-түлік молшылығы ел қауіпсіздігінің басты шарты екенін де есте ұстауымыз қажет. Президенттің «ауыл шаруашылығына баса назар аудару» жөніндегі ұстанымы, міне, осыған үндейді.

ҚР Президенті еліміздің жаңа экономикалық саясаты алдағы кезеңде, ең алдымен, барлық қазақстандықтың өмір сүруі мен әл-ауқаты жоғары деңгейде болуын қамтамасыз етумен байланысты екенін атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев осы мақсатта Қазақстан даму банкінің жұмыс форматын елдегі шағын және орта бизнесті дамытуға көмектесетіндей қайта қарауды ұсынды. Жалпы, қазіргі уақытта Қазақстан қоғамы Мемлекет басшысының шешімдері төңірегінде топтасуы қажет. Күшіміз – бірлікте. Біз бірге барлық қиындықты өңсеріп, көздеген мақсатымызға қол жеткізе аламыз.

**Б.БОРАНБАЕВ,
«Ескелді ауданының Құрметті азаматы»**



месе тиісінше орындамағаны үшін жауапқа тартылатынын ескертеміз. Осыған байланысты, егер Сіз ата-аналардан немесе қызметкерлерден ақша жинау фактілері, сондай-ақ басқа да сыбайлас жемқорлық көріністері туралы білсеңіз, 1424 Call-орталығына хабарласуыңызды сұраймыз. Азаматтардың барлық өтініштері міндетті түрде қаралады, барлық қажетті шаралар қабылданатын болады. Сондай-ақ, әлеуметтік желілер арқылы Департамент басшысының жеке парақшасына тікелей хабарласуға болады (https://www.facebook.com/profile.php?id=100089564102463).

Куда обращаться по факту сбора денег в образовательных учреждениях

В связи с окончанием учебного года в образовательных учреждениях планируются выпускные вечера, присутствует вероятность сбора денег на подарки учителям.

И здесь важным представляется донести до граждан о том, что подобные действия строго запрещены законом. В соответствии с пунктом 1-1 статьи 22 Закона РК «О противодействии коррупции», руководители государственных органов, организаций, субъектов квазигосударственного сектора несут дисциплинарную ответственность в соответствии с законами Республики Казахстан за неисполнение или ненадлежащее исполнение должностных обязанностей по предупреждению совершения коррупционных правонарушений подчиненными сотрудниками. В этой связи, если Вам стало известно о фактах сбора денег с родителей или работников, а также другие коррупционные проявления, просим обратиться в Call-центр 1424. Все обращения граждан рассматриваются в обязательном порядке, будут приняты все необходимые меры. Также можно на прямую обратиться на личную страницу руководителя Департамента через социальные сети (https://www.facebook.com/profile.php?id=100089564102463).

**С уважением,
Управление првенции и добропорядочности ДАПК по Алматинской области**

ТІЛ ҰЛТ ЖҮРЕГІНІҢ БІР БӨЛШЕГІ

Қазақ тілі - біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз - оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту. Біз ұрпақтарымызға бабаларымыздың саңадаған буынының тәжірибесінен өтіп, біздің де үлесімді үлесімізбен толыға түсетін қазіргі тілді мұраға қалдыруға тиіспіз. Бұл - өзін қадірлейтін әрбір адам дербес шешуге тиіс міндет» деп нақты атап көрсеткен болатын.

Мемлекеттік тіл - ұлттық және рухани бірліктің басты факторы, негізгі басымдығы. Қазақ тілін кеңінен қолдану жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыру жалғастыру керек. Оны білу әрбір Қазақстан азаматының парызы және міндеті болып табылады. Қазақ тілінің мәртебесін арттыру, оның қолдану аясын кеңейте түсуге үлес қосу үшін перменді шараларды жүзеге асыру қажет. Сот саласында да мемлекеттік тілдің қолдану аясын арттыра түсуге қазіргі таңда айтарлықтай көңіл бөлініп келеді. Сотың шығыс және кіріс құжатшалығы толық мемлекеттік тілде жүргізілуде. Дегенмен, қазақ тілінде жүргізілетін сот процестерінің үлесін арттыра түсуге кейбір кемшіліктер қолбайлау болып жүргені құпия емес.

Бұл әсіресе сотқа келіп түскен істердің арасында қазақ тілін жақсы меңгерген азаматтарға қатысты істердің өзін сотқа дейінгі тергеу тексеру органдары қызметкерлерінің тарапынан орыс тілінде рәсімделіп келетініне байланысты. Себебі, көбінесе сотта қаралатын істер бойынша құқық бұзушының ұлты қазақ болса да әкімшілік хаттамалар орыс тілінде толтырылып, құқықтары да орыс тілінде түсіндіріліп жатады, ал сот құқық бұзушы сотқа келген жағдайда «мен орыс тілін жетік білмеймін, кейбір сөздерді түсінбеймін, полиция қызметкері хаттаманы орыс тілінде толтырған сон, хаттамаға қол қойдым» деген уәждерін айтып жатады. Ал, сот істі жүргізуді қай тілде келіп түссе сол тілде жүргізуге мәжбүр. Сондықтан болашақта мұндай кемшіліктерге орын берілмесе, қазақ тілінде өткізілетін сот процестерінің саны анағұрлым арта түсері талассыз

**Ғлан МАМЫТБЕК,
Ескелді аудандық сотының судьясы**

ЕСКЕЛДІ АУДАНДЫҚ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ОРТАЛЫҒЫ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ



Умирбекова Зарина 13.05.1989ж. дүниеге келген. Ескелді ауданы, Бақтыбай ауылының тұрғыны. Көп балалы ана, төрт баласы бар. 2019 жылдан атаулы әлеуметтік көмек алушы. Жолдасы Магадиев Жандос жеке кәсіпкер Жұмас Рустаға жұмыс жасайды. 2023 жылы ұлы Арнай 3 жасқа толатын болған соң өзіне тұрақты жұмыс таба алмағандықтан Жұмыспен қамту орталығына жүгініп, қысқа мерзімдік қайта даярлау бағдарламасы бойынша шаштараз мамандығына оқуға жіберілді. Қазыргы таңда Зарина «Selektiv» сән салонында шаш қиюды үйреніп жүр. 3 айлық оқуды бітірген соң жеке кәсіпкер «Кан» оны тұрақты жұмысқа алады. Енді Зарина тұрақты жұмысқа орналасып, Атаулы әлеуметтік көмекті де алатын болды.

**К. КУДЬЯРОВ,
Жұмыспен қамту орталығының директоры**

Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылдық округінің сайланған әкімін тіркеу туралы ХАБАРЛАМА

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 14-бабының 9) тармақшасына, 45-бабына, 113-11-бабының 1-тармағына сәйкес, 2023 жылғы «14» мамырда өткен Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылдық округі әкімі сайлауының қорытындылары туралы аудандық сайлау комиссиясының хаттамасы негізінде, Ескелді аудандық аумақтық сайлау комиссиясы 1980 жылы туған, Ескелді ауданының Қарабұлақ ауылында тұратын, Қарабұлақ ауылдық округі әкімінің орынбасары **Оналбаев Сержан Сембаевичті** Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылдық округінің әкімі ретінде тіркеді.

СООБЩЕНИЕ

о регистрации избранного акима Карабулакского сельского округа Ескельдинского района области Жетысу

В соответствии с подпунктом 9) статьи 14, статьей 45, пунктом 1 статьи 113-11 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан», на основании протокола районной избирательной комиссии об итогах выборов акима Карабулакского сельского округа Ескельдинского района, области Жетысу, состоявшихся «14» мая 2023 года Ескельдинская районная территориальная избирательная комиссия зарегистрировала **Оналбаева Сержана Сембаевича** 1980 года рождения, заместителя акима Карабулакского сельского округа, проживающего в селе Карабулак Ескельдинского района, акимом Карабулакского сельского округа Ескельдинского района, области Жетысу.

Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru

Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпаратандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г күәлігі берілген. Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. «Алматы-Болашақ» ЖАҚ-ның Талдықорғандағы «Офсет» филиалының баспаханасында басылады. Баспахананың мекен-жайы: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй.

Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі, 31 үй.

Осы шығарылымның таралымы 1200 Тираж 1200 Тапсырыс 503 Көлемі 2 баспа табақ.

Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции. Компьютерная верстка Е.ЖИРНИКОВА.

Меншік иесі: **«ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС** директор - бас редактор **Инкар Ерболқызы НҰРСҰЛТАНОВА.** Редакцияның телефоны 3-19-15

Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.